

МАҢЫЗДЫ ӘРІ
СЕНІМДІ
СЕРІКТЕС

2

#БІЗБІРГЕМІЗ

ДИМАШ АҚТӨБЕ
МЕН ҚҰЛСАРЫҒА
БАРДЫ

7

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ҮЙҚЫНЫҢ ДА
ҚАҒИДАСЫ БАР

9

МЕГАПОЛИС

«БІЗДІҢ ҚАЛА – БІЗДІҢ АУЛА, БІЗДІҢ ҮЙ»
апталығы басталды

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын іске асыру жұмыстары жалғасуда.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының бірінші аптасының қорытындысы шығарылды. Иә, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл». Науқан басталғалы Алматының тіршілік қазаны қайнап жатыр. Қаланың барлық аумағында тазалық жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатқанына ел куә. Жас та, жасамыс та білек сыбана кірісіп кеткен тазалық жұмыстарын нәтижесіз деп айтуға болмас. Мәселен, «Біздің қала – біздің көшелер» науқанының бірінші кезеңі аясында қалалық қызметтер мен аудан әкімдіктері мегаполистің көше инфрақұрылымын ретке келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

Бірінші аптада 1250 аялдама павильондарын жуу, 59 жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерін тазалау және сырлау, 165 бағдаршам нысандарын жуу және сырлау, 1690 жол белгілерін сырлау жұмыстары іске асты.

Қалада 5570-тен астам урна, 2740 орындық, жүздеген жарықтандыру бағаналары тазартылды, көрсеткіштер боялған және жуылған, ҚТҚ жинауға арналған 350 алаңды жуу және дезинфекциялау жүргізілген, көпір қоршаулары боялды, ақаулы төсеніштері бар учаскелер жөнделді, жаңбыр қабылдағыштар және тағы басқалар қалпына келтірілді.

Бұдан басқа, 17 000 м² асфальтбетон жабыны бар алаңда, оның ішінде Райымбек, Сәт-



баев, Бұқар жырау, Тимирязев, Рысқұлов, Момышұлы, Алтынсарин, Майлин, Талғар трактісі, Гагарин, Жароков, Мұстафин және басқа да магистральдық көшелерде жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Бұл ретте жоғарыда аталған барлық жұмыстар науқан бойы жалғасатын болады.

Айта кетерлігі, бүгіннен бастап аула аумақтарын жөндеуге, көгалдандыруға және қала тұрғындарының қатысуымен өтетін түрлі іс-шараларға арналған науқанның екінші кезеңі басталады. «Біздің қала – біздің аула, біздің үй» апталығы аясында (15–21 сәуір) аулалар мен үйлері алдындағы жерлерді көгалдандырғысы келетіндерге көшет материалдары, ал жеке үйлердің қоршауларын сырлағысы келетіндерге бояулар беріледі. Осы кезеңде түрлі шығарма-

шылық және экологиялық іс-шаралар басталады. «Экомарафон» плагингі, «Таза ойындар» акциялары, «Үздік аула», «Үздік үй алдындағы бау-бақ» конкурстары және тағы басқалар жоспарланған. 20 сәуірде жалпықалалық сенбілік жоспарланған.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны туралы барлық ақпарат almaty.kz сайтында, Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілерінде орналасқан. Сондай-ақ, веб-сайтқа қала бойынша орналастырылған баннерлердегі, постерлердегі, афишалардағы арнайы QR-код арқылы кіруге болады.

Әлеуметтік желілердегі науқанның белсенді қатысушыларына арналған хэштегтер: #АлматыБіздіңОртақҮйіміз, #БізКөппізҚалажалғыз.

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №32 (6483) 16 сәуір, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МӘСЛИХАТ

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Әлеуметтік қолдау – басты назарда



Алматыда Ұлы Отан соғысына қатысқан 44 ардагер қалды

Мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің материалдық қолдау туралы қала әкімінің бастамасы қолдау тапты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына орай ҰОС ардагерлеріне біржолғы төлем мөлшерін 2 миллион теңгеге дейін арттыру туралы бастама көтерді. Жыл сайын ардагерлерге 1 миллион

теңге көлемінде біржолғы әлеуметтік төлем төленетін. Биыл ол 2 миллион теңгеге өсті. Бұл туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді.

3

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.04.2024

Түнде:



+10+12 °C

Бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты, найзағай.

Күндіз:



+12+14 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде 15-20 м/с

17.04.2024

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

МАҢЫЗДЫ ӘРІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияға ресми сапармен барды

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян алдымен шағын құрамда, сосын ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Тараптар бірлескен мәлімдеме жасады, бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді.

Қазақстан Президенті бұл ресми сапарына ерекше мән беретінін және оның екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды кезеңіне жол ашатынын атап өтті. Екі ел арасындағы байланыстардың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты арттыру үшін мол әлеует бар екенін айтты. Өз кезегінде Никол Пашинян өзара байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, армян-қазақ қатынастарын жаңа деңгейге көтеру үшін бірлесе әрекет етуге дайын екенін мәлімдеді. Тараптар Қазақстан мен Армения арасындағы көп қырлы байланыстарды одан әрі нығайтуға бейілді екенін растады.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, инвестициялық, өңірлік және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері талқыға түсті. Тараптар өңірлік тұрақтылық және қауіпсіздік мәселелеріне айрықша назар аударды.

– Қазақ-армян әріптестігін жаңа деңгейге көтеруге қатысты бастамаларды толық қолдаймын. Біз армян халқының терең тарихына, ежелгі мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен қараймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің Арменияға ресми сапары Достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 25 жыл толуына орай өтуінің символдық мәні бар. Ширек ғасыр ішінде екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды. Саяси диалог белсенді дамып, үкіметтер мен парламенттер арасында байланыс орнады. Президент тұжырымдағандай, бұл сапары Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін бермек. Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ықпалдастықты одан әрі дамытудың мейлінше перспективті бағыттарын айқындап берді. Оның айтуынша, ең өзекті міндет – экономикалық қарым-қатынастарды сапасы мен мазмұны жағынан байытта түсу. Өзара сауда-саттықты ұлғайту үшін азық-түлік секторында, инвестиция, көлік-логистика, IT-индустрия және құрылыс салаларында айтарлықтай резерв бар.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қазақстан Президентінің Арменияға алғашқы сапары мол мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.



● КЕРЕК КЕҢЕС

- Екі елдің астанасы мен басқа да қалалары арасында тікелей әуе рейстерін ашу туралы бастама қолдау тапты.
- Агроөнеркәсіп саласындағы тауар түрін көбейту және оларды жеткізу мәселелері талқыланды.
- Цифрлық технология бойынша ынтымақтастық дамиды.
- Биыл Қазақстанда Арменияның мәдениет күндері, ал келесі жылы Арменияда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді.
- Ереван қаласы көшелерінің біріне ұлы Абайдың есімі, ал Астананың бір көшесіне армян эліпбиінің негізін қалаушы, әулие Месроп Маштоцтың аты берілетін болды.
- Армян қарпімен жазылған қыпшақ тіліндегі қолжазбаларды зерттейтін ғылыми топ құру туралы бастаманы Еуразия ұлттық университеті және Ереван мемлекеттік университеті бірлесіп жүзеге асырады.

– Сіздің бүгінгі сапарыңыздың маңызы зор. Келіссөздер барысында кең ауқымды мәселелерді қарастырдық. Соның ішінде экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдетуге, өңірлік ықпалдастықты кеңейтуге баса мән бердік. Сонымен қатар, біз мәдени-гуманитарлық саланы да назардан тыс қалдырған жоқпыз. Биыл Қазақстанда Арменияның мәдениет күндері, ал келесі жылы Арменияда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді. Жалпы, бүгінгі қарастырылатын мәселелер – ауқымды және мазмұнды. Сіздің сапарыңыздың нәтижесінде екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық бағытын дамытуды көздейтін нақты шешімдер қабылдайтынмызға сенімдімін, – деді Армения Премьер-министрі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияны Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы өте маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атап өтті.

– Біздің қарым-қатынасымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты байланысты жандандыру – ортақ

мақсатымыз. Біздің аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы мұратымыз – бір. Биыл екі ел арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шартқа 25 жыл толды. Осы уақыт ішінде Астана мен Ереван арасында ұзақ мерзімге арналған өзара тиімді серіктестіктің берік негізі қаланды. Біз Армениямен жан-жақты әріптестікті одан әрі дамытуға мүдделіміз. Сондықтан мен үшін бүгінгі сапардың мән-маңызы айрықша, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, бұл келіссөздер екі елдің жоғары деңгейдегі ынтымақтастығын сақтауға мүдделі екенін дәлелдейді. Қазақ-армян арасындағы жан-жақты қарым-қатынасты нығайту үшін мол әлеует бар.

– Бүгін күн тәртібіндегі көптеген өзекті мәселе жан-жақты талқыланды. Біз нақты келісімдерге қол жеткіздік. Әсіресе, сауда-экономика және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге ерекше назар ау-

дардық. Екіжақты сауда-саттықтың көлемі соңғы бес жылда тұрақты өсіп келеді. Тауар айналымын ұлғайтуға серпін беретін жаңа бағыттарды іздестіру керек деген ортақ пікірге келдік. Экспорттық-импорттық тауарлар номенклатурасын кеңейту үшін нақты шаралар қабылдауымыз керек. Ол үшін қолда бар мүмкіндікті барынша тиімді пайдалану қажет. Қазақстан Арменияға шығарылатын экспорт көлемін 350 миллион долларға жеткізуге дайын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өнеркәсіп, құрылыс, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы, инновация, туризм және басқа да салалардағы ынтымақтастықты жандандыру маңызды екенін, армян тарапына бірқатар бірлескен инвестициялық жобаны жүзеге асыруды ұсынғанын айтты.

– Бұл, әсіресе, қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуал кезінде аса өзекті. Осы бағыттағы жұмыс Үкіметаралық комиссияның жіті бақылауында болады. Бұған қоса, бизнес-миссиялардың барыс-келісін жандандыра түсуіміз керек. Бұл қадам Іскерлік кеңестің тез арада құрылуына ықпал етеді, екі елдің бизнес өкілдері арасындағы байланысты күшейтеді. Сондай-ақ, инвестициялық қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі келіссөздердің өзара сенім және түсіністік рухында өткеніне тоқталып, бұл сапар екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Армения Премьер-министрі бүгінгі келіссөздер барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың маңыздылығын атап өтті.

– Жоғары деңгейдегі диалогымыз біз қол қойған бірлескен мәлімдеме арқылы расталды. Мұның екіжақты қарым-қатынастарымызды одан әрі дамытуда маңызы зор. Шынайы әрі өзара тиімді байланыстарды нығайту жөніндегі ұстанымы үшін қазақ делегациясына алғыс айтамын. Біз көпжақты күн тәртібін одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін айқындадық. Сондай-ақ, жаңа жобаларды, соның ішінде көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі өркендету перспективаларын нақтылады. Біз тауар айналымының тұрақты өсіміне қарамастан, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін әлеуетіміздің толық пайдаланылмай отырғанымен келісеміз, – деді Армения Үкіметінің басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Кавказда бейбітшілікке қол жеткізу жөніндегі күш-жігерге өз үлесін қосуға Қазақстанның дайын екенін мәлімдеді.

– Біз алдағы уақытта да бірлесе жұмыс істеуге, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту үдерісіне белсене атсалысуға келістік. Біз Армения мен Әзербайжанның бейбітшілік шартын жасауға ұмтылысын толық құптаймыз. Құрметті Премьер-министр мырза жаңа ғана айтқандай, Қазақстан барынша қолдау көрсетіп, ізгі қызметтер миссиясын қолға алуға дайын. Яғни екі ел арасындағы келіссөздерді жүргізу үшін өз алаңын ұсынады. Ең басты мақсатымыз – біздің достас елдерімізді жақындатырып, мызғымас тату көршілікке, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақты дамуға жол ашу, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: akorda.kz).

● ТАҒАЙЫНДАУ



Алматы қаласы әкімінің орынбасары тағайындалды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен Алматы қаласы әкімінің орынбасары лауазымына Бейбіт Шаханов тағайындалды.

Бейбіт Шаханов 1979 жылы туған. Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін; Қазақ мемлекеттік заң университетін; Қазақ коммерциялық-қаржы академиясын; Ланкастер университетін (Ұлыбритания) бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің монополияға қарсы заңнаманың сақталуын бақылау департаментінің жетекші маманы қызметінен бастаған. Әр жылдары Қаржы министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде басшылық қызметтерді атқарды.

2015–2022 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, Инвестициялар және даму министрлігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері комитетінде жұмыс істеді. Алматы қаласы құрылыс басқармасының басшысы болып жұмыс істеді. 2023 жылғы мамырдан бастап қазіргі тағайындауға дейін Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы болып жұмыс істеді.



Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы тағайындалды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы лауазымына Айдар Жәкібаев тағайындалды.

Айдар Жәкібаев 1988 жылы 14 қыркүйекте Өскемен қаласында дүниеге келген. 2011 жылы Бостон университетін (АҚШ) «Инженер-электрик» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 2011 жылы жеке секторда бастаған. Әр жылдары «КПМГ Такс энд Эдвайзори» АҚ, ҚР Ұлттық экономика министрлігінде, ҚР Премьер-министрінің кеңсесінде, ҚР Ұлттық банкіде жұмыс істеді, ҚР Ұлттық банкі төрағасы аппараты департаменті директорының орынбасары, Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін атқарды.

2023 жылдың мамыр айынан бастап қазіргі тағайындалғанға дейін Алматы қаласы Алматы ауданының әкімі болып жұмыс істеді.



Алматы қаласы Алматы ауданының әкімі тағайындалды

Қала әкімінің өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің және Алматы қаласы мәслихатының келісімі бойынша Алматы ауданының әкімі болып Арман Шамшин тағайындалды.

Арман Шамшин 1986 жылы дүниеге келген. Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетін (экономика факультеті), Пекин университетін (әлеуметтану) бітірген. Nazarbayev University Жоғары бизнес мектебінің басшылары үшін іскерлік әкімшілендіру магистрі (Executive MBA) дәрежесіне ие.

Еңбек жолын 2011 жылы бастаған. Әр жылдары мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда бірқатар басшылық қызметтер атқарған. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде кеңесші болып жұмыс істеді, «НУХ «Бәйтерек» АҚ басқарушы директоры қызметін атқарды.

Қытай, ағылшын және түрік тілдерін жетік біледі. 2022 жылдың шілдесінен бастап қазіргі тағайындалғанға дейін «Алматы ӘКК» АҚ басқарма төрағасы қызметін атқарды.



МӘСЛИХАТ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ
ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев сессия жұмысын ашқасын алғашқы сөзді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровке берді.

Әлішер Елісұлы мәслихат депутаттарына қала әкімінің «Алматы – біздің ортақ үйіміз» бастамасын қолдағаны үшін алғыс білдірді. Сонымен қатар, әкім орынбасары сессия жұмысында қарастырылатын мәселелер де осы науқаннан тыс еместігіне назар аударды.

Сессияда шаһар үшін маңызы зор келесі мәселелер қаралды:

- Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы;
- Алматы қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы;
- Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы;
- Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы;
- Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы;
- Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы №2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары, тұрмыстық қатты қалдықтар тарифі, қоршаған ортаны жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы мәселелері «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты науқанда өзекті мәселелер қатарына кіреді.

БАЙЫПТАМА

ИРАН–ИЗРАИЛЬ:

Орта Шығыста соғыс оты тұтана ма?

Демалыс күндері әлем назары тағы да Орта Шығысқа ауды. Иран жексенбіге қараған түні Израильге ұшқышсыз ұшақтарымен, қанатты және баллистикалық зымырандарымен шабуылдады. Бұл – Иранның алғаш рет өз территориясынан Израильге тікелей шабуыл жасауы.

Естай
БОЖАН,
сарапшы



Міне, осы жағдай жұртты алаңдатты. Себебі, қақтығыс бұл жолы аймақтағы ең ықпалды ойыншылардың арасында болды. Осыдан кейін аймақта бұрынғыдан әлдеқайда ауқымды соғыс тұтанып кете ме деген күдікті сауал әлем ақпарат кеңістігін кезіп кетті. Бұл сұрақ біздің басылымның сергек оқырмандарының санасында да тұрғаны анық. Сол себепті, Орта Шығыстағы жаңа жағдайға талдау жасайтын боламыз.

ЖЕКСЕНБІДЕГІ ЖАҒДАЙ

Жексенбінің таңы Орта Шығыста мазасыз атты. Иран Израильге қаратқан тікелей әуе шабуылына ондаған қанатты зымыранын, баллистикалық зымырандары мен көптеген ұшқышсыз ұшақтарын пайдаланды. Израиль қарулы күштері болса толық соғыстық даярлық күйіне келтірілген. Екі елдің суық

райынан кейін аймақтағы көптеген ел өзінің әуе кеңістігін жауып тастады. Иран зымырандары мен ҰҰҚ саны туралы түрлі мәліметтер бар. Израиль қорғаныс күштерінің контр-администраторы Даниел Хагари Израильдің ұзақ қашықтыққа ұшатын Arrow әуе қорғаныс жүйелері Иранның зымырандарының көпшілігін ел әуе кеңістігінен тыс жерде қағып тастағанын айтты. Хагаридің есебі бойынша Иран Израильге 200-ден астам зымыран ұшырды. Кейбір ақпарат құралдары бұны 130 шамасында десе, BBC өз хабарында дрондар мен зымырандардың жалпы саны 300-ге жуық деп көрсеткен.

Ақпараттарда Иранның көптеген ұшқышсыз ұшақтары мен зымырандары Иордан жерінде және Сауд Арабиясының әуе кеңістігіне таяу аумақтарда атып түсірілгенін айтады. Foreign Policy басылымы Израиль территориясынан тыс жерде зымырандарды қағып түсіруде АҚШ, Британ және Иорданияның қолдауы болғанын жазды. Ал Израиль жеріне жеткен зымырандарды еврейлердің «Темір күмбез» әуе қорғаныс жүйесі қарсы алған.

Әуе шабуылынан болған шығындар туралы екі жақтың мәлімет-

тері екі түрлі. Дегенмен, Израиль бір әскери базасында инфрақұрылым бүлінгенін растады, зақым келтірілгенін айтты. Ал жалпы шабуылдан он жастағы араб қызы қаза тапқан. Мәліметтерде оның Негев шөлінде зымырандардың шашылған жарықшақтарынан жарақат алып, артынша көз жұмғаны айтылады.

Түстен кейін Израиль премьер-министрі Беньямин Нетаньяху әскери кабинеттің жиынына қатысты. Мәліметтерге қарағанда жиын бірнеше сағатқа созылған. Осымен ұқсас уақытта АҚШ президенті Жо Байден де өзінің қауіпсіздік жөніндегі кеңесшілерін жинап, мәселені талқылады.

ӘУЕ ШАБУЫЛЫНА ЖАУАП

Бұдан екі апта бұрын Израиль Сирияның Дамаск қаласындағы Иран елшілігіне шабуыл жасаған болатын. 1 сәуірдегі бұл шабуылдан Иранның Революция сакшылары корпусының командирі секілді жоғары шенді тұлғалары қаза тапты.

Кезекті тікелей әуе шабуылы – соған берген жауабы. Дегенмен, Тегеран (Тегеран) Тель-Авивпен тікелей ашық соғысқа кірісуге ниетті емесі байқалады. Бұл жолғы әуе шабуылына баяу ұшатын тактикалық ұшқышсыз ұшақтарын қолдануына қарап кейбір сарапшылар осылай жорамалдайды. Яғни Иран өз әрекетінің Израильге терең зардаптар келтіріп, қатаң жауап қайтаруын қаламайды. Тегеран әуе ша-

Есептеулерге сәйкес жылдық тариф 1 м³ қалдық үшін 3309 теңгені құрады. Айлық, тариф бір адамға айына 718,5 теңгені құрады. Орташа статистикалық пөтерлер үшін коммуналдық қызметтердің төлем сомасы ҚТҚ шығару тарифі көтерілсе орта есеппен 1,4%-ға артады.

САПА ТҮСПЕЙДІ

Мәслихат депутаттары бағаның өсуі жұмыстың сапасын арттыруы тиіс екенін баса айтты. Олардың сөзінше сайлаушылардың басты талаптарының бірі осы. Депутаттардың бұл уәжине Мирас Гайсин толық жауап берді. Оның сөзінше қазір Алматы әкімдігі ҚТҚ жинау мен оны шығару үшін инфрақұрылымды сапалы жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда.

2024-2025 жылдары 671 контейнер алаңында 2905 тереңдетілген контейнерді ауыстыру және орнату жоспарланған. 2024 жылғы қаңтарда GPS-трекерлермен жарак-

тандырылған заманауи арнайы техниканың, қалдықтарды сұрыптауға арналған шарттар, техниканы жаңарту жөніндегі инвестициялық бағдарламалар бойынша қатысушыларға қойылатын талаптар бар 5 жыл мерзімге ҚТҚ шығарудағы ашық тендер өткізілді.

Сонымен қатар, мәслихат депутаттары коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекітті. Енді үй иелері үшін коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының есептік нормалары бір тұрғынға жылына 2,33 текше метрді құрайды. Бұған дейін жылына 2,9 м³ болған.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАР
ҚОРҒАЛАДЫ

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау тарифінің өсуі әлеуметтік осал топтарға ауыр тиетіні сөзсіз. Осы орайда Алматы әкімдігі коммуналдық қызметтерге жұмсалған шығыстарды өтеу үшін 2024 жылдың 1 мамырынан бастап ХӨТ санатындағы 315 430 тұрғынға 0,05 АЕК (184,6 теңге) көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленетінін мәлімдеді.

Осылайша әлеуметтік осал топтарды қолдау шаралары аясында жалпы әлеуметтік көмек төлемдері 0,8 АЕК құрап отыр.

«Наурыз айында электр энергиясына баға өскен кезде біз қолданыстағы өтем ақы шарасын 0,6 АЕК-тен 0,75 АЕК-ке дейін арттыру туралы бастама көтердік, сондай-ақ ҚТҚ-ға тарифтің өзгеруін болжай отырып, қосымша 0,8 АЕК-ке дейін арттыруды кепілге қойдық. Халықтың әлеуметтік осал топтары 1 мамырдан бастап 0,8 АЕК алатын болады», – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



буылы туралы ресми мәлімет таратқаннан кейін елде бұл әрекетті жақтаған ереуілдер өтті. Оған мыңдаған адамдар қатысқаны туралы ресми ақпарат құралдары мәлімдеді. Бұл да болса Иранның осы әрекеттегі басты мақсатының біріне ұқсайды.

Израильдің жауабы қандай болуы мүмкін? Бұл сауал барлық тараптың назарында тұр. Жексенбідегі жиналыста Израиль үкіметі мен әскерилерінің жетекшілері нақты қандай жауап беретіні туралы шешпегенін айтқан. Кешегі мәліметтерде «Израиль өзі қалаған уақытта ұқсас деңгейде жауап қайтарады» деген мәліметтер шықты. Басты одақтасы АҚШ президенті Израильді барын-

ша байсалды болуға шақырды. Оның сөзінше Иран әуе шабуылын толық тойтарып тастау арқылы Израиль жеңіске жетіп отыр.

Әрине, қос тараптың қайтарма жауаптары ашық қақтығысқа деген асқынған ниетті аңғартады. Дегенмен, келесі бір артық қадам аймақта қазіргіден әлдеқайда ауқымды соғыстың біртесін тұтататыны анық. Екінші жаһан соғысынан бері қарай әлем ауқымды соғысқа дәл осы кездегідей жақын болмаған. Себебі, әр түрлі деңгейдегі қақтығыс нүктелерінің қызуы жоғарылай түсуде. Иран мен Израиль ортасындағы бұл текетіреске сарапшылар не дейді?

«Тақырыпқа орай» айдарында қонымды пікір ұсынып отырмыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрат ІЛИЯС, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің аға оқытушысы:

ШЕКТЕН ШЫҚҚАН ӘРЕКЕТТЕР БОЛА ҚОЙМАЙДЫ

Осыдан кейін ауқымды соғыс болады дегенге өз басым келіспеймін. Есіңізде болса, 2020 жылы АҚШ күштерінің шабуылында Иранның арнайы жасағының генералы Сулаймани көз жұмды. Иран оған жауап ретінде әуе шабуылын жасаған. Қазіргі жағдай тура соны қайталап отыр. Сирияның астанасы Дамаскіде Иранның дипломатиялық әскери тұлғалары Израиль шабуылынан өлді. Иран соған жауап қайтарып отыр. Бұл соғыс болады деген сөз емес. Неге десеміз, Иранның өз ішінде билікке деген наразылық күшейгені мәлім. Яғни Израильге пәрменді жауап бере алмады деген наразы көңіл күй өршіді. Ал міне, Тегеран жауап қайтарды, жүздеген зымырандарын, дрондарын жіберді. Оның көбі Иордания мен Сауд Арабиясының жерінде атып түсірілді. Израильге жеткендері де нақты бір әскери нысанды қиратқан жоқ. Болды, осымен «соғыс» бітті десе болады. Бұл Тегеранның өз ішіндегі наразы көңіл күйді басу үшін жасаған әрекеті деп білемін. Израильден де бұған қарсы қатаң жауап бола қоймайды. Себебі, ол үшін АҚШ-тың толық келісімі керек. АҚШ бұған келісім беруі екіталай. Вашингтон араб елдеріне Иранды аймақтағы қауіп ретінде көрсету арқылы өзінің мүддесін алға жылжытып отыр. Міне, осыған қарағанда шектен шыққан әрекеттер бола қоймайды. Қақтығыс осымен біраз уақытқа тынышталады.



#АлматыБіздіңОртақҮйіміз»

«ЖҮРЕК ЖЫЛУЫН» СЫЙЛАДЫ

Алматылық балалар 200 дана құс ұясын жасады

Алматыдағы «Отбасы» саябағында (Family Park) Әуезов ауданындағы мектеп оқушыларынан 200 бала құстарға арнап өз қолдарымен ұя жасап, саябақтарға, ауаларға орнатты.

Естай
БОЖАН

Әуезов ауданы әкімдігі ұйымдастырған экологиялық шара «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты қалалық науқан аясында өткізіліп отыр. Оған аудан көлеміндегі мектеп оқушылары, ұстаздар мен экobel-сенділер, өнер жұлдыздары мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Саябақтағы құстар алаңсыз паналасын деп осы бір жайлы ұяны жасап әкелдім. Енді бір жағынан саябаққа көрік берсін деп оны ұлттық нақышта безендірдім», – дейді №126 мамандандырылған лицейдің 7 «а» сынып оқушысы Ақжол Дәулетұлы.

Ақжол өзі дайындаған ұяны «Отбасы» саябағындағы жол шетіне орнатты. Ол саябақта құстардың көбірек болуы қаламызды тіпті де көрікті, табиғи әрі жанға жайлы ете түседі деп санайды.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны мамыр айына дейін жалғасатын болады. Аталған акция қаланың қоршаған ортасын қорғауды, алматылықтармен бірге жасап жатқан жан-жануарларды, құстарды аялау сезімін арттыруды, таза да жайлы қаланың өскелең мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Әуезов ауданы ұйымдастырған шара мектеп оқушыларының концерттік нөмірлерімен басталған болатын. Соңында балалардың қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы іс-қимылдарына қолдау көрсету мақсатында қазақ эстрадасы саңлақтары-



ның бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тоқтар Серіков ән тартуын ұсынды.

Әуезов ауданы әкімінің орынбасары Бану Манапова акцияға қатысып жатқан балаларға өз рахметін айтты. «Ауданымыздан 200-ден астам бала қатысып жатқан бүгінгі шараны «Жүрек жылуы» деп атағанды жөн көрдік. Көріп отырсыздар, бала-



лар ерікті түрде акцияға аса ынталы қатысып жатыр. Олар өздерінің таза жүректерінің жылуы іспетті өз қолдарымен жасаған құс ұяларын саябақтар мен ауаларға, жол шетіндегі ағаштарға орнататын болады. Сол арқылы жас жеткіншектер қоршаған ортаны аялап қорғауға өздерінің бір кісілік үлестерін қосып жатыр», – дейді Бану Бакдәулетқызы.

ТАЛБЕСІК

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» тазалық науқаны аясында Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы өтінімге сәйкес, ағаш көшеттерін таратты.

Айнабай
МӘДИ

«Жасыл аула» бастамасымен ағаш көшеттері көпқабатты үйлердің ауласы мен қоғамдық кеңістіктерде отырғызылады. Бұл ретте жеке тұрғын үй секторы мен бау-бақша серіктестігінің, сондай-ақ заңды тұлғалардың аумағында отырғызуға көшет беріледі. Тазалық науқанның І кезеңінде 500-ге жуық өтінім келіп түскен. Оның 200-ден астамы мақұлданып, қала тұрғындарына 2 мыңнан астам гүл, тал, катальпа, гибискус, алма мен қарағаш көшеті тегін берілді.

Бұл қолға алынған бірінші акция емес, былтыр да осылай 5000-дай ағаш көшеті

І КЕЗЕҢДЕ 2500 АҒАШ КӨШЕТІ ТЕГІН ТАРАТЫЛДЫ

тегін берілген. Бір қала азаматына міндеттеме сәйкес, 10, 20 көшетке дейін тегін беріледі. Ағаш көшеттері инвесторлар есебінен алынып отыр. Бұл шаруа екі кезеңмен жүзеге асырылуда. Жыл сайын көппәтерлі үйлер мен жалпы аумақтардың ауласын көгалдандыруға ниет білдірушілер саны артуда.

– Біз «Таугүл» ықшамауданының тұр-

КЕРЕК ДЕРЕК

15 сәуірге дейін қабылданған өтінімдер бойынша ІІ кезеңдегі көшет тарату – 20-21 сәуірде, сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін қаламыздағы Әуезов ауданы, Юрий Ким көшесі, 9-үй («Еco Almaty» ЖШС) мекенжайында жүргізіледі.

ғындарымыз. Ауламызға бірінші рет 10 тал көшет алуды шештік. Жапырақты ағаш пен жеміс көшетін араластырып алдық. Жеміс көшетін көбірек алдық. Акцияға қатысудың өзі жауапкершілік жүктейді ғой. Өйткені, бұл көшеттерді күтіп-баптау және өсірудің маңызы зор. Қаламыздың жасыл қорын дамыту аса қажет. Осындай шара көбірек болғанын қалаймыз. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп қазағым бекер айтпаған, – дейді жас жұбайлар Сәния мен Марлен.



Нұрлан ҚҰТТЫБАЕВ,
Алматы қаласы «Жасыл қор» басқармасы мониторинг бөлімінің жетекшісі:

КҮТІП-БАТПАУҒА КЕПІЛДІК БАР

30 наурызда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» тазалық науқанымен байланысты акция жариялады. Сол кезден бастап «Жасыл аула» акциясына қатысты өтінім қабылдауды бастадық. Көпқабатты тұрғын үйлердің ішкі ауласын көркейтуге ағаш көшеттерін мөлшермен тегін таратамыз. Бүгінге дейін 2200-дей ағаш көшетін бердік. Негізінен, бұл – жеміс ағашы мен жапырақты ағаш көшеттері.

Ендігі міндет – көшеттерді суғарып, күтіп-баптау жағы. Осы көшеттерді қабылдап алған жауапты тұрғындар оларды күтіп-баптауға қатысты кепілдік міндеттемеге қол қояды.

ҒЫЛЫМ

Алматыдағы Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің жанынан ғылыми-медициналық жобаларды коммерцияландырумен айналысатын технопарк ашылды.

ЖАҢА ТЕХНОПАРК АШЫЛДЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа технопаркте ендігі жерде ғалымдардың жобаларын сүйемелдеу, өндіріске дейін жеткізу жұмыстары жүргізіледі. Ондағы 5 зертханада қолданбалы неврология, фармакопоя, дата-орталықтардың жұмысы секілді бірқатар бағытта зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, бизнес-инкубатор, технологияларды коммерцияландыру және пилоттық өнеркәсіптік өндіріс бөлімі де болады. Қазірдің өзінде өндіріске енгізуге лайық делінген бірқатар медициналық өнертабыстар іріктелінді. С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ректоры Марат Шорановтың айтуынша 12 жаңа ғылыми жобаның потенциалы жоғары болып есептелгендіктен технопаркте ғылыми зерттеуден қолданушыларға дейін жеткізу жұмыстары атқаратын болады.

ЖАС МАМАН-2024

ЖАС МАМАНДАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Туризм және қонақжай-лылық индустриясы колледжінде дәстүрлі «Жұмыс берушілер күні» өтті. Аталмыш шараға ірі компаниялар мен шағын және орта бизнестің 20-дан астам өкілі қатысты. Сондай-ақ, колледждің әлеуметтік серіктесі «NAVAT» шайхана-сы ЖШС арасында меморандумға қол қойылды.

«Жұмыс берушілер күні» кадрларды дайындау сапасын арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты жақсарту бағыттары мақсатында өткізіледі. Біздің Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі Алматы қаласының тамақтану кәсіпорындарымен, қонақүйлерімен және туристік фирмаларымен белсене еңбек етіп келеді. Академиялық дербестік аясында колледж жұмыс берушілермен бірлесе еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірледі. Дуальды оқыту бойынша екіжақты ынтымақтастықтың арқасында білім алушылар теорияны тәжірибемен ұштастырып, тандаған мамандығын тікелей өндірісте игеріп жатыр. Бұған қоса, осы оқу жылында мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысына сай кәсіпорындардың сұранысы бойынша колледжте 25 студент қабылданды», – дейді колледж директоры Нұрдаулет Жабықбаев.

Бұл күні колледж түлектеріне арналған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге begemot Almaty ЖШС, Malina Group мейрамханалар желісі, «Смолл» ЖШС, Алматы технологиялық университеті және басқа да кәсіпорындар қатысты. Колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Гүлім Манатқызының айтуынша, жәрмеңке өткізу арқылы студенттер жұмыспен қамтылып жатыр.

«Біз үшін колледжіміздің әрбір түлегінің жұмысқа орналасқаны маңызды», – дейді колледж ұжымы.

Кадрларды дайындаудағы табысты ынтымақтастық үшін жұмыс берушілер «Атамекен» ҰКП мен колледждің Алғыс хаттарына ие болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ



**Қайрат
ЖҰМЫРБАЕВ,
«Алтын тазалық»
ЖШС директоры:**



«МӘДЕНИЕТ – ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ»

Азаматтық жауапкершілік танытып, қоршаған ортамызды таза ұстайық!

Тазалық пен тартымдылық – егіз ұғым. Тазалық бар жерде адам көзіне жағатын тартымдылық та болады. Ал Алматы сынды алып мегаполисте күнделікті тазалау жұмыстарын жүргізу, тіпті маңызды. Қаламызға өз жұмысымен көрік беріп, қыста қардан, жазда қоқыстан тазартып жүрген жауапты мердігер ұйымдардың бірі – «Алтын тазалық» ЖШС.

орын алуы мүмкін. Сондықтан түнде екі бригадамыз дайын отырады. Қыста қар қалың жауған күндері жұмысшыларымыздың осында қонып қалған күндері де болды. Біз оларға арнайы жатын орын дайындап, ас-ауқатпен қамтамасыз еттік. Ал күнделікті 100-ден астам қызметкеріміз өзіне тапсырылған аумақты тазалауға шығады. Биыл жұмысшылар саны 15%-ға көбейді, – деді Қайрат Еркекалиұлы.

Айта кеткен жөн, мердігер ұйым Алатау ауданы әкімінің тікелей бақылауында Көріктендіру бөлімінің мамандарымен әрдайым байланыста жұмыс істейді. Өзара біріккен жұмыс аудан тазалығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

жылы алдынан шыққан қиындықтары да жоқ емес. Оның ең үлкені – айыппұл. Бірақ өзгелерге секілді тәртіп бұзғаны үшін емес, бүгінге дейін «Алтын тазалық» ЖШС-ына тікелей өз міндетін атқарғаны үшін айыппұл салынып келеді. Атап айтқанда, компанияның арнайы техникалары көшенің тротуармен теңесетін шетін тазалау үшін автобус жолағымен жүргенде, орнатылған камералар мердігер ұйымның машиналарына орынсыз айыппұл жазып жібереді екен. Бұл мәселемен жас компания түрлі жауапты басқармалар мен Полиция департаментіне жүгінсе де, айтылған мәселе өз шешімін таппай келеді. Алдағы уақытта адал іске салынған айып алынып, компания көліктері еш қиындықсыз өз жұмысын жалғастыра береді деп сенеміз. Ал «Алтын тазалық» компаниясының басшысы Қайрат Жұмырбаев қала тұрғындары мен қонақтарын сүйікті қаламыз – Алматыны аялап, тазалықта ұстауға шақырды.

– Кей азаматтар көліктерін рұқсат етілмеген көше шетіне тастап кетеді. Оның кесірі біздің жұмысымызға тиеді. Техникамыз өзіне жүктелген аймақты тазалай алмай, жұмысы баяулайды. Бұл мәселе, әсіресе, көшелері тар шағынаудандарда қатты сезіледі.

Сондай-ақ, тұрғындар тұрмыстық қатты қалдықтарды рұқсат етілмеген жерге тастай салады. Ол жерде қоқыс жинала беріп, ертең өзіміздің қаламызға зиян келеді. Сондықтан алматылықтарды, оның ішінде Алатау ауданының тұрғындарын азаматтық жауапкершілік танытып, қоршаған ортамызды таза ұстауға шақырамын. Мәдениет – тазалықтан басталады. Кішкентай кезінен балаларымыздың арасында осындай тазалықтың мәдениетін бірге қалыптастырайық, – деді «Алтын тазалық» басшысы.



**Досбол
АТАЖАН**

2023 жылдың қаңтарында құрылған компания жас болса да, бас болып, өзіне тапсырылған жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып отыр. Мердігер компания 350 мыңнан астам адам тұратын Алатау ауданында магистральдық көшелерді, көлік айрықтары мен шағынаудандарды кешенді санитарлық тазалаумен айналысады. Компания директоры Қайрат Жұмырбаевтың айтуынша, «Алтын тазалық» қарамағында бүгінгі күні 50 арнайы техника бар. Сондай-ақ, машина жүргізушілері мен өзге қызметкерлерді қоспағанда, аудан тазалығын қамтамасыз ететін 130 жұмысшы жұмыс істейді.

– Өткен жылы бізге тапсырылған барлық жұмыстарды жоғары деңгейде орындадық. Күнделікті міндетімізге – магистральдық және аудан көшелерін күтіп ұстау жұмыстары кіреді. Нақты айтқанда, жазғы уақытта: көшелерді жуу, оларды тазалықта ұстау, көгалдағы шөптерді кесу, тротуарларды санитарлық тазалау және т.б. Ал қысқы уақытта айтылған міндеттерге көшелерді қардан тазалау және оны

шығару, сондай-ақ көктайғаққа қарсы материалдарды себу жұмыстары қосылады. Биыл міндеттеріміз артып, габион (өзен жағалауында тас үстінен қойылған тор) арналарын және жерасты өткелдерін күтіп ұстау үшін жауапкершілік алдық, – деді «Алтын тазалық» ЖШС-ның директоры Қайрат Жұмырбаев.

– Жұмысымыздың ерекшелігіне қарай біз өз аумағымызды тәулік бойы бақылап, кезекшілікте боламыз. Төтенше жағдай кез келген уақытта

Адал іске айып салу дұрыс па?

Алматылықтардың қолайлығы мен тазалығы үшін қызмет атқаратын жас ұйымның алғашқы

КЕРЕК ДЕРЕК

• Компания деректеріне сәйкес, «Алтын тазалық» қызметкерлері 2023 жылдың жазғы маусымында ұзындығы – 528 132 м, ал ауданы – 4 185 133 м² болатын аймақты тазалаған. Ал қысқы кезеңде барлығы 323 рейс жасап, 5168 м³ қарды қала сыртына шығарған. Оған қоса, мердігер ұйымның арнайы техникалары 7 мың тоннаға жуық көктайғаққа қарсы материал пайдаланған. Барлығы Алатау ауданында 11 магистральдық даңғылдың, 9 аудандық маңызы бар және 354 жергілікті көшенің тазалығы мен тартымдылығы үшін «Алтын тазалық» қызметкерлері жұмыс істеген.

БРИФИНГ

Алматыда ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына түсуге құжаттарды қабылдау басталды. Оқуға қажетті құжаттарды тапсыру 26 маусымға дейін жалғасады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Айгерім Абилова айтты берді.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Мемлекеттік басқару академиясы – еліміздегі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуы мен білім алуына жауапты жалғыз жоғары оқу орны. Академия жұмысы мемлекеттік аппарат кадрлары мен кәсіби басқарушыларды даярлауға бағытталған.

«Биыл 6 магистрлік, 3 докторлық бағдарлама бойынша және өндірістен қол үзбей оқуға болатын 2 модульдік бағдарлама бойынша үміткерлерді қабылдау жүргізіледі», – деді А.Абилова.

ӨКҚ спикерінің сөзінше, биыл мемлекеттік қызметшілерді

МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙНАСЫ – КӘСІБИ МАМАНДАР



даярлауға магистратура бойынша 120 грант, докторантура бойынша 12 грант бөлінді. Мемлекеттік тапсырыс бойынша түсу үшін мемлекеттік қызметте кемінде екі жыл, магистрлік бағдарламалар үшін және докторлық бағдарламалар үшін кемінде бес жыл еңбек өтілі болуы қажет. Сондай-ақ, міндетті талап – мемлекеттік органның басшысы қол қойған жолдама болуы керек.

Академия филиалының басшысы оқуға түсу ережелеріне өзгерістер енгізілгенін де атап өтті. «Халықаралық қатынастар», «Мемлекеттік саясат» және «Экономика» екі жылдық бағдарламалары бойынша оқу мерзімі екі жылдан бір жарым жылға дейін қысқартылды. Биыл «Мемлекеттік басқару» бағдарламасына құқық қорғау органдарынан және арнайы мемлекеттік органдардан да үміткерлер қабылданады.

Айгерім Абилова қабылдау науқанының негізгі күндеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Өтінімдерді қабылдау процесі 3 айға созылады, яғни 1 сәуірден 26 маусымға дейін жалғасады. Құжаттар академияның admission.apa.kz ақпараттық платформасында онлайн форматта қабылданады.



МЕДИАКЕҢІСТІК

ХАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Алматыда республикалық II Өңірлік мерзімді басылымдар форумы өтті



Шаһар төрінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық II Өңірлік мерзімді басылымдар форумы мәресіне жетті. Аймақтағы БАҚ-тың өзекті мәселелерін «Мерзімді басылымдар – халық сауаттылығының қайнар көзі» деген тақырып шеңберінде қаузаған алқалы жиын екі күнге созылды. Оған әр облыс, қаладан ақпарат саласын дамытуға үлес қосып жүрген 100-ден астам медиамаман келді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВАГАЗЕТ – ЕҢ СЕНІМДІ
АҚПАРАТ КӨЗІ

Форумның алғашқы күні «Басылымдарда сапалы контентті қалыптастыру», «Баспа басылымдарын танымал ету және тарату: аймақтық қырлары», сондай-ақ «Салалық журналистика» тақырыптарында панелдік отырыстар өтті.

Шара аясында спикерлер тәжірибелерімен де бөлісті. Мәселен, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков жас кадрларды көптеп тарту, журналистерді ынталандыру үшін «Алматы жастары» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті.

– Алматыны БАҚ орталығы деп айтуға әбден болады. Себебі, біздің мегаполисте мерзімді басылымдар көп шоғырланған. Олардың арасында тарихы теренде жатқан, әлі де шығып жатқан, мазмұнын да жоғалтпаған газеттер аз емес. Газеттердің ең сенімді ақпарат көздерінің бірі екенін ұмытпауымыз керек. Бізде «Alatau Aqragat» медиахолдингі бар, аясы кең. Оның қызметкерлері бүгінде түрік тілі курсы тегін оқып жатыр. Осылайша әріптестеріміздің халықаралық деңгейге көтерілуіне жол ашылмақ, – деп атап өтті Айдар Рахымжанұлы.

Ал «Alatau Aqragat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында контент сапасын арттыру туралы ой-пікірлерімен бөлісті.

САРАПТАМА «СӨЙЛЕСІН»

Иә, бүгінгі өмірімізді, тыныс-тіршілігімізді ғаламтор торлап, әлеуметтік желілер байлап-матап алған интернет дәуірінде мерзімді басылымдардың оқырманын қайтсек көбейтеміз деген мәселе әлі де өзекті.

Форумның пленарлық отырысында «Жас Алаш» газетінің Бас редакторы Алмас Нүсіп және «Мысль» журналының Бас редакторы Асыл Сағымбеков сараптамалық материал жазу стилі, журналистік зерттеу тәсілдері туралы сөз қозғап, дәл осы жанр газет оқырманын ұстап тұруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Ал филология ғылымының докторы Орынай Жұбаева баспасөз беттерінде қате қолданылып жүрген сөздер мен тіркестер туралы тарқатты. Әсіресе, жас



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

буынның өзіміздің қазақы, ұғынықты сөздер тұрғанда, орыс тілінен тікелей аударылған калька сөздерге, шетелдік терминдерге әуестігін сынға алды.

ОҚЫРМАН НЕ СҰРАЙДЫ?

Мерзімді басылымда жазудан бөлек, беттелуі, дизайны, суреттермен көмкерілуі де үлкен рөл атқарады. Бәсекеге төтеп берудің тағы бір жолы – осы. «Курсив» газетінің шеф-редакторы Татьяна Николаева газеттің қатталуы, мақалаларды, оның тақырыптарын тартымды, «ойнатып» беру әдістері туралы қозғаса, «Казахстанская правда»-ның фототілшісі Юрий Беккер газеттің материалдарға өзгеше әр беріп, жазусыз-ақ «сөйлетіп» тұратын суреттердің шебер берілу жолдарын, кәсіби шеберліктің маңызды қырларын әңгімеледі.

«Kursiv Media» іскерлік басылымының Бас редакторы Мира Халина кезінде қандай қиындықтармен бетпе-бет келгенін және оларды қалай еңсергендері жайында тарқатты.

– Түрлі баспаларда жұмыс істедік. Газеттер дағдарысқа ұшырап, тым аз оқылатын жағдайға дейін түсіп кеткен кездеріміз де болды. Мәселені шешу үшін заман ағымына сай оңтайландыру жолдарын іздеуге көштік. Берілетін мақалалардың мазмұнын жақсарттық, жарнама берушілерді тарту үшін түрлі-түсті беттер қостық. Сондай-ақ, материалдарды инфографикамен, коллаждармен көмкере бастадық. Басылымның оқырманға жедел жету мәселесі де жолға қойылды. Жалпы, БАҚ әрқашан оқырманға қарай икемделуі керек, ал оқырманға керекті – нақты, шынайы ақпарат, – деді ол.

YouTube та
ГАЗЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Медиамамандар мерзімді басылымдардың жұмысын ілгерілету, бәсекеге қабілетті ету үшін әлеуметтік желілердің, мессенджерлердің, танымал бейнехостингтердің

мүмкіндігін пайдалану маңызды дегенді айтты.

Мәселен, жазылушысының саны 275 мыңға жетіп жығылатын «Сұрауы бар» YouTube-жобасының жетекшісі Ербол Сейілхан газет-журналдар да өзінің YouTube арнасын ашып, дамыту керек деп есептейді.

– YouTube-арна ашу оңай әрі көп қаражат шығындамайсыз. Арнаны неғұрлым тезірек ашсаңыз, ұйымның қаржылық кірісін көбейту мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Университеттерде YouTube арнасын қалай жүргізу керектігін үйретпейді, бірақ өзіміз үйрендік. Мәселен, бейнехостингті үйренуге күніне он минут уақытыңызды қисаңыз, көп ұзамай сіз бұл мәселені жақсы меңгеріп шығасыз, – деді Ербол Сейілхан.

БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫНА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ КЕРЕК

II Өңірлік мерзімді басылымдар форумында журналистика ұстаханасында шыққан халық қалаулылары – ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қазыбек Иса мен Ермұрат Бапи де сөз алды. Олар мерзімді баспасөзге бизнес көзі деп емес, ақпараттық саясат, ұлттық идеологияны жүргізудің тиімді құралы ретінде қарау қажет дейді. Сондықтан балалар басылымына да мемлекеттік қолдау керек деп отыр.

Балаларға арналған басылымдарға көбірек көңіл бөлу мәселесін «Айгөлек» балалар журналының автор-редакторы Қымбат Әбілдәқызы да қолдады.

Сондай-ақ, панельдік сессияға қатысушылар елді әбігерге салып жатқан су тасқыны жайында беріліп жатқан ақпараттардың шынайы болуы, дұрыс берілуі, оқырманына дұрыс жетуі, кейбір блогерлер тарататын жалған мәліметтерге мұқият болу жайын да қозғады. Газет-журналдарды шалғай ауылдарға уақытында жеткізу де маңызды екені, кадр жетіспеушілігі, жергілікті тілшілерді

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты:

ОҚЫРМАН ҰРПАҚ
ҚАЛЫПТАССЫН ДЕСЕК...

Газет-журнал оқырманын көбейту үшін алдымен балалар басылымын дамыту қажет. Бала жастайынан газет оқу мәдениетіне үйренсе, болашақта оқырман ұрпақ қалыптасады. Бұған мемлекет тарапынан үлкен маңыз берілу керек. Мұндай мысалдар шетелдерде бар. Мәселен, Францияда 18 жасқа дейінгі азаматтарын қалауына қарай мерзімді басылымдарға жаздыртады. Спикерлер басылымдар балалар контентін қалыптастырса деп жатыр, соның идеологиялық шарттары мен тетіктерін нақтылау керек деп ойлаймын.

Мейірлан РАХАНОВ,
ҚР Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат комитетінің төрағасы:

ЕРКІН ДЕ САПАЛЫ
ЖҰМЫСҚА ҚОЛДАУ БАР!

Бұқаралық ақпарат құралдары – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Сондықтан мемлекет ақпарат құралдарының еркін де сапалы жұмыс істеуі үшін әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Өңірдегі халықтың көңіл күйін жеткізетін тілшілер болғандықтан, аймақтағы ахуалдың бет-бейнесі оқырманға жеткізілетін ақпараттың сапасына байланысты екені де белгілі. Мерзімді басылым заман талабына, өмір ағымына сай түрленуі керек. Бұл форум өңірлерден келген ақпарат өкілдері үшін жемісті әрі тиімді болды деп ойлаймын.

ынталандыру жайын қарастыру керектігі де айтылды.

«ALMATY AQSHAMY»-НЫҢ
ҮЗДІКТЕРІ

Өңірлік мерзімді басылымдар форумының нүктесін қойған ҚР Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары Ержан Байтілес осынау іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

– Құрметті әріптестер! Салмақты мәселелерді талқыға салған екі күн тиімді өтті деп ойлаймын. Келелі кеңесте мерзімді басылымдарды заман талабына сай дамытуға, газет-журналдардың таралымын арттыруға, жалпы БАҚ-тың бағын ашуға қатысты көптеген ой-пікір, ұсыныс айтылды. Мұның барлығы құзіретті нақты іс жүзінде іске асады дегенге сенеміз. Өйткені, «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, басымызды қосып, шерімізді тарқатып, ішіміздегі буымызды шығарғандай болғанымызбен, ол ертең нақты жүзеге аспаса одан қоғамға да, журналистикаға да пайдасы болмайды. Сіз бен біз өз саламызды өзіміз дамытпасақ, ешкім бізге жақсысын бермейді. Барлық ұсыныстарыңызды министрлікке жеткіземіз. Алматының төрінде кездескенімізге қуаныштымыз, – деді Ержан Байтілес.

Республикалық II Өңірлік мерзімді басылымдар форумында 5 панельдік сессия өтті. Отыздан аса медиа маманы тәжірибесімен бөлісті. Форум соңында әр аймақтан келген 10 журналист салтанатты рәуште «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Осы сала мамандарының ең жоғары марапаты болып саналатын төсбелгі «Almaty aqshamy» газетінің «Қала тынысы» бөлімі редакторы Нұржамал Әлішеваның кеудесінде жарқырады. Ал министрліктің Құрмет грамотасын иеленген 8 әріптестің ішінде газетіміздің «Ақпарат және жаңалықтар» бөлімінің редакторы Рая Ескендірдің де мерейі үстем болды.



БӘРЕКЕЛДІ!



ДИМАШ АҚТӨБЕ мен ҚҰЛСАРЫҒА

БАР ДЫ

Есімі қазақтың ғана емес, күллі әлемнің аузында жүрген әнші Димаш Құдайберген еліміздегі төтенше жағдайға бей-жай қарамай, су тасқынынан зардап шеккен ағайынға көмек ретінде, өз атынан «Демеу Қазақстан» қайырымдылық қорына 15 млн теңге көлемінде қаржы аударды. Қаражат беріп қана қоймай, ел ішіне арнайылап барып, көпшен жүздесіп, тілектестігін білдіріп, сөзбен де демеу қайтты. Міне, азамат! Басқалар үлгі алсын дейміз.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Иә, Еуразия құрлығын «жаулап», Атлант мұхитының арғы жағындағы тәкаппар Американы да тамсандырып қойған Димашпен қалай мақтансақ та жарасады.

Димаш Құдайберген бірінші кезекте туған жері – Ақтөбеге барды. Ол үйлерін су басып қалып, жергілікті №40 мектепте уақытша тұрып жатқан тұрғындармен кездесті. Әншінің алдынан шыққан ағайынның жүзінде риясыз ризашылық сезімі байқалады. Димаштың құлдыраңдап жүгіріп жүрген бейтаныс ойын баласын жерден аспанға әуелете тік көтеріп алып еркелетіп тұрған сәті қандай әдемі! Үлкендермен ғана емес, кішкентай балдырғанмен де сәлемдескені бұл. Ол қаншалықты қарапайым болса, соншалықты биік көрінді осы сәт.

Бүгінде облыс төріндегі «Анаға тағзым» орталығы су тасқынынан зардап шеккендер тұрып жатқан эвакуация пункттеріне қажет азық-түлік пен тұрмыстық заттарды жинайтын негізгі штабқа айналған. Димаш осында күні-түні бел жазбай жұмыс істеп жатқан волонтерлермен де

Су тасқыны болған аймақтарға қолдау көрсетіп, халықпен жүздескен әншіге деген ағайынның ықыласы ерекше

кездесті. Ілтипатын білдірді. Гуманитарлық көмек беру орталығының үйлестіру жұмысымен танысты. Бұл, әрине, ақтөбеліктер үшін үлкен демеу, қолдау сапары болғаны сөзсіз.

«Бала кезден бастап тілеуімді тілеп, биікке қанат қағып, қалықтап жүрсін деген тілек тілеп жүрген жерлестерімнің қал-жағдайын білмей кете алмадым. Жаңалықтардан мемлекет тарапынан ауқымды сомада көмек беріліп жатыр дегенді оқып жатырмын. Ең бастысы, еліміз аман болсын, жұртымыз тыныш болсын», – деді әнші.

• Сәл шегініс. Димаш туғанда Миуа әжесінің жасы 47-де болған. Сондықтан шығар, ол біразға дейін өзінің туған шешесі Света екенін білмеген. Дінмұхаммед өмірге келгенде ата-анасы студент болыпты. Келінім оқуын қамсыз бітіріп алсын, ұйқысы қанып жүрсін, алаңдамасын деген ниетпен әжесі оны бауырына басады. Ата-сы мен әжесінің, мейірім мен махаббаттың құшағында өскен Димаштың бүгінде орнықты, жүйелі, әдемі сөйлей білетіні, жүрегінің кендігі сол үлкендердің ұлағаты екендігі сөзсіз.

Әнші Ақтөбе сапарынан кейін көп ұзамай Атырау облысының Құлсары қала-

сына да арнайы барып, су тасқынына қарсы жұмыла күресіп жүрген халыққа, 20982 әскери бөлімінің әскери қызметшілеріне қолдау білдірді.

«Бауырлар, шын жүректен рахмет айтамын. Алла Тағаланың елімізге жіберіп тұрған осы сынағы – қиын күндерде бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлігімізді көрсете біліп жатырмыз. Болашағымыз жарқын болсын, ең қиын, ең ауыр күндеріміз осымен кетсін. Ел аман, жұрт тыныш болсын. Болашағымыз жарқын, үлкендеріміз аман болсын, кішкентайларымыз өсіп-өңсін!», – деді ол.

Әнші су тасқынының салдарымен күрескен азаматтармен естелік фотосуретке түсті.

«Димаш құрдасым келіп қалды. Сені көріп шаршағаным, белімнің ауырғаны басылып қалды. Саған Алла разы болсын», – деп жазды құлсарылық азамат әлеуметтік желідегі парақшасына.

Иә, су тасыған аймақтарды аралаған Димашымызға сүйсінген ағайында есеп жоқ деуге болады. Мың сан алғыс, тілек жауып жатыр әлі.

- «Димаш, сен бұрыннан бөлексің ғой, рахмет саған!».
- «Бай болсаң, еліңе, жеріңе пайдаң тиетіндей мәрт бола біл» деуші ме еді, Алла разы болсын, міне, үлгі!».
- «Мына видеоны көріп отырып көзіме жас келді. Димаш, сені тәрбиелеген ата-анаңа мың алғыс!».
- «Әлемді қазақ әнімен тербеткен Димаш, жарайсың!».
- «Аман жүрші, алтын бала! Өзіңе қарап қаншама адам үлгі алды десеңші. Тіл-көзден сақтасын!».
- «Мың болғыр, халқым деген жүрегіңнен айналдым! Бақытты бол, балам!».
- «Қазақтың бағына туған ұл, сән бала аман болсыншы!».


Міне, әлеуметтік желілерде шын сүйініп, жүрекжарды жазбаларын қалдырып жатқан халықтың пікірі осындай.

Қиын сәттерді еңсеруге осындай ниетілек те жәрдем болатыны даусыз. Су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы ағайынмен біздің де жүрегіміз бірге.

P.S.

Жүрек демекші, Димаштың шынтақ тұсында жүрекке ұқсас қал секілді белгі бар дейді. Ол тегін бала емес. Өнер мен дарынды да, сыр мен сымбатты да, тектілік пен қарапайымдылықты да, иман-ізет деген биік қасиеттерді де бір басына үйіп-төгіп бере салған алтын бала, аман жүргін!

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алмалы ауданының комьюнити-орталығы базасында ашылған қабылдау пункті **29 НАУРЫЗДАН** бастап жұмыс істеп жатыр.



Гуманитарлық көмек қабылдау пунктінің жұмысына қаланың **30-ДАН** астам ірі волонтерлік ұйымынан **150-ДЕН** астам еріктілер жұмылдырылған.



Алматылықтар су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге алты күн ішінде **10 ТОННАҒА** жуық гуманитарлық көмек жинады.



10 сәуірде Алматыдан Атырауға **30 ТОННА** гуманитарлық көмек жіберілді.



ҚХА мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері гуманитарлық көмек ретінде **30 МИЛЛИОН** теңгеден астам қаржы жинады.



(Суреттер: ашық дереккөзден).



● МОНИТОРИНГ

ЖЕТІСТІКТЕР САРАПҚА САЛЫНАДЫ

15 сәуірден бастап еліміздің барлық мектебінде оқушылардың білім жетістіктерін сарапқа салатын мониторинг басталды.

Сынаққа биыл 2462 мектептің 4-ші және 9-сыныбында оқитын 150 мыңға жуық оқушы қатысып отыр. Мұндай бағалаудың тиімді тұстары жеткілікті. Сондықтан болар, тың әдісті Оқу-ағарту министрлігі қолданысқа енгізіп отырған сыңайлы.

Бұл бағалау нәтижесі бойынша оқу бағдарламаларының тиімділігі бағаланып, оқу процесінің осал тұстарын анықтауға да болатын көрінеді. Сонымен, оқушылардың білім сапасын зерделеуге бағытталған жүйені қазақстандық ұлттық зерттеу құралы деп те атауға болады. Өйткені, оның қорытындысы бойынша білім беру сапасын арттыруға бағытталған кешенді талдау және әдістемелік ұсынымдар әзірлетін болады.



(Фотодереккөз: mel.fm)

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мағжан АМАНҒАЗЫ, А.Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы АҚ төрағасы:

Сауаттылықты айқындайтын үш бағыт бар

Мониторинг сауаттылықтың үш бағыты – оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану бойынша жүргізіледі. Оқушылар тестілеуді компьютермен тапсырады. Сондай-ақ, халықаралық зерттеулерге сәйкес, білім беру жетістіктерінің әртүрлі мәндік факторларын анықтау үшін сауалнама да жүргізіледі.

Жалпы, бұл сауалнама оқушыларға, педагогтарға, мектеп басшыларына және 4-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған. Бағалау осы айдың соңына дейін жалғасады. Тағы айта кетерлігі, биылғы тест тапсырмалары PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық бағалау үлгілері бағытында қайтадан жаратылып отыр.

● ҮКІМЕТ

ҚОСЫМША БІЛІМГЕ ҚОЛДАУ БАР!

2027 жылға қарай балаларды қосымша біліммен қамтуды 100%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Жалпы біліммен қатар қосымша білім берудің де маңызы зор. Дегенмен, қазіргі уақытта балаларды қосымша біліммен қамту 81,1 пайызды, яғни 3 102 433 баланы ғана құрап отыр.

Осыған орай, Үкімет 2027 жылға қарай балаларды қосымша біліммен қамтуды 100 пайызға дейін ұлғайтуды міндеттеп отыр. Қосымша біліммен қамту үшін ең алдымен балалардың тұрғылықты жерінен аула клубтарын, коммуналдық орталықтар, балалар және жастар шығармашылық орталықтары мен тағы басқа қажетті мекемелерді ашуды жүктеп отыр. Қосымша білім мекемелері талантты балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың шығармашылығын дамытуға кеңінен қолдау жасайтын болады.

Өрине, қосымша білім беру мекемелері балалардың мүдделері мен ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша білім беруге жаппай тартуды қамтамасыз етсе, онда құқық бұзушылықтар, суицид және басқа да өкінішті жағдайлардың азайы сөзсіз.



● БӘРЕКЕЛДІ!

Елімізде талантты балалар өте көп. Мектеп қабырғасында жүрсе де, олардың ашқан жаңалығы еліміздің экономикасын дамытуға пайдаланыла бастады.

Мәселен, Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Анар Нұрмахан бағдаршам сигналдарын дауыспен сүйемелдеудің бірегей жүйесін жасады. Оның жасаған құрылғысының зағип жандар үшін көмегі зор болғалы тұр.

Мәселен, шаһарда 1973-тен астам көру қабілеті нашар адам бар. Ал 200 бағдаршамның кейбірі ғана осындай құрылғылармен жабдықталған. Сондықтан «It Service education» жастар қоғамдық бірлестігі мен Назарбаев Зияткерлік мектебі 2023 жылдан бастап нашар көретін адамдарға көмектесетін құрылғы жасауға бағытталған жаңа жобаны қолға алған еді. Дәл қазір құрылғы төрт маусымдық тестілеуден өтіп жатыр.

Жас өнертапқыштың айтуынша, оның жасаған құрылғысы

АҚЫЛДЫ ҚҰРЫЛҒЫ АДАСТЫРМАЙДЫ



(Фотодереккөз: entrepreneur.com)

қуатты динамикпен жабдықталып, дыбыстық хабарламаларды мемлекеттік тілде таратады.

«Ақылды құрылғы» сіз кесіп өтпекші болған негізгі көшенің атын хабарлайды. Сосын бағ-

даршамның жасыл көзі жанғанша уақытын санайды.

– Бұл нашар көретін адамдарға жаяу жүргінішілер өткелдерін оңай табуға, көше атауларын білуге және қиылыстарды

қауіпсіз кесіп өтуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, құрылғы түнде дыбыс деңгейін 50% автоматты түрде реттейді», – дейді жас ғалым, жобаны әзірлеушісі Анар Нұрмахан.

● ЖАТАҚХАНА – 2024

ИГІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім саласы бойынша білім алушылар саны да, сұраныс та артып келеді.

Салаға сұраныс артқан сайын оның сапасына да ерекше жағдай жасалуға тиіс. Үкімет қазір колледж студенттерінің өмір сүру жағдайын жақсартуға ерекше назар аударып отыр. Сондықтан биыл колледж студенттері үшін 2,6 мыңнан астам төсек-орынға арналған тағы 11 жаңа жатақхана ашу жоспарланып отыр.

Өткен жылы ғана еліміздің тоғыз өңірінде 2,5 мыңнан астам орынды 13 жатақхана ашылса, бұл жұмыс биыл да жалғасын болады. Биыл Алматы қаласында, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында тағы 11 жаңа жатақхана салына бастады.



(Фотодереккөз: egemen.kz)



ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Ұйқының да қағидасы бар



Адам ағзасының өзін-өзі тазалайтын функциясы бар. Ол мелатонин гормоны бөлінгенде іске асады. Ал мелатонин – уақытылы ұйықтағанда ғана бөлінетін гормон.

Ерте ұйықтағанда ағзада бауыр, бүйрек, сонымен қатар ми тазаланады. Бұл емдік ұйқы деп аталады. Танертең ұйқыңыз қанып, көңілді ояну үшін төмендегі кеңестерді пайдаланыңыз:

Біріншісі және ең негізгісі: балалар ұйқыға сағат 22.00-ге дейін, ал ересектер 23.00-ге дейін жатып қалуы керек.

Адам кемінде 7-8 сағат ұйықтауы қажет, сонымен қатар мелатонин гормонын алып үлгеруіміз үшін сағат 23.00-ге дейін ұйқыға жатуы маңызды.

Ұйықтайтын бөлмеңіз қараңғы болу керек. Бұл қағиданың себебі – жарықты үнемдеу емес, ғылыми дәлелденген. Егер түнде, ұйықтап жатқанда кішкене жарықтың өзі көзге түссе болды, мелатонин өндірілуін сол мезетте тоқтатады.

Сондықтан ұйықтар алдында теледидар, смартфон, планшет сияқты жарық түсіретін заттарды қолдануға болмайды.

Танертең тұрғанда бетке күн сәулесі түсу қажет. Сондай-ақ, күндіз 2-3 сағат, күн жарқырап тұрғанда далада жүрген дұрыс.

(Дереккөз: WhatsApp).

НЕЙРОХИРУРГИЯ

ЖАҢА
ӘРІ БІРЕГЕЙ
ӘДІС

Бүгін операция жасалған адам ертеңіне аяғына тұрады

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухананың дәрігерлері бел омыртқа стенозына шалдыққан науқастарды хирургиялық жолмен емдеудің жаңа да бірегей әдісін игерді. Яғни бүгін операция жасалған адам ертеңіне аяғына тұрады.

Айта кететін жайт, бұл әдіс еліміздің санаулы ғана ауруханаларында қолданылады. Енді Алматының нейрохирургтері де жүзеге асыруға кірісті. Ең алғашқы ота міндетті медициналық сақтандыру аясында 75 жастағы қарияға жасалды.

Ақсақал белінің көптен бері ауыратынын, денесіне күш түскенде ауруы тіпті күшейіп кететінін, жүріп-тұруы қиындағанын айтқан. Мамандар оған «бел омыртқасының дегенеративті-дистрофиялық өзгерістері және стеноз» диагнозын қойды. Бұған дейін қабылдаған емі ешқандай нәтиже бермеген.

«Қария 100–200 метрден артыққа жүре алмайтын күйге жеткен. Содан кейін аяғы жиі-жиі ұйып қала береді, ауруы күшейіп, аяғын мүлдем көтере алмайтын кездері көп болған. Бұл дерт оны кейінгі бес жыл бойы-



на қинап келген», – дейді №7 қалалық клиникалық ауруханадағы №1 нейрохирургиялық бөлімшенің меңгерушісі Бақыт Ағлақов.

Сондықтан дәрігерлер сары байламды микрохирургиялық жолмен алып тастау үшін бірінші аз инвазивті операция жасауды ұйғарды.

«Микроскоптың астында диаметрі 12 мм болатын түтік арқылы қажетті тілік жасалады. Ал кесудің өзі 1,5 см-ден аспайды. Бұл – осы жаңа әдістің артықшылықтарының бірі. Түтікшелі тәсілдер арқылы аз инвазивті операциялар бел омыртқасының стенозын емдеуде қолданылатын тиімді ең оңтайлы әдіс», – дейді дәрігер.

Алматылық дәрігерлер де меңгеріп алған жаңа технологияның артықшылықтарын айта кетсек артық болмас. Бірегей тәсіл фасеттік буындар мен арқа бұлшықеттерін сақтай отырып, жүйке құрылымдарын дәлме-дәл алып тастауға мүмкіндік береді. Ал бұл пациенттерге бел омыртқасындағы болашақ тұрақсыздықты болдырмауға көмектеседі. Ота болмашы ғана тілік арқылы жасалады. Операциядан соң науқас айтарлықтай ауырсынбайды, ерте сауығады, отадан кейінгі ауырсынуды басатын дәрілерді аз қолданады.

Дәрігерлер мұндай операцияларды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жасайды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда қала әкімінің тапсырмасымен ҰОС ардагерлеріне 2 МИЛЛИОН теңгеден төленеді.



АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
1 мамырдан бастап ХӘОТ санатындағы 315 430 тұрғынға атаулы әлеуметтік көмек алады.



Қаланың 300 мың м² жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды.



Шаһардағы 3590 ойын алаңы жазғы маусымға дайындалып жатыр.



Алматыда жауын-шашын кезінде коммуналдық қызметтердің 52 мобильді бригадасы жұмылдырылады.

Дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылдың 27 наурыздағы
№1/1-105 шешімі

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, 2023 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың төрағалығымен өткен Алматы қаласындағы «ЖҰО-2 – Батыс жылу кешені жылу магистралінің тозуы мәселесі жөніндегі кеңес хаттамасының» 5.1-тармағы, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 наурыздағы №41.1-41/348-II хаты, негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. А.Жақұтов атындағы Алматы ЖҰО-2 санитарлық-қорғау аймағы үшін Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгініетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамалар белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегігеріне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі
Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 наурыздағы
№1-1-105 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Жексен Әсіджан Дәрібайұлы	20-321-066-001	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 89	0,0600
2.	Станюков Күат Ахматулы, Станбекова Майнур Ахмедовна	20-321-066-016	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 89	0,1150
3.	Нақпиев Мейрамбек Ермханович	20-321-066-149	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 40	0,0783
4.	Конкабаев Қайнар Қалпиевұлы	20-321-066-231	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 114А	0,0600
5.	Сычева Виктория Вениаминовна	20-321-066-052	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 6А	0,0600
6.	Колесников Сергей Юрьевич	20-321-066-048	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 104А	0,0549
7.	Ашмитаева Гүлнұр Жұмахановна, Жиенкожанов Нұрлан Махметович	20-321-066-049	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 94	0,0640
8.	Смоленева Татьяна Павловна	20-321-066-089	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 88	0,1040
9.	Жумашев Зокрир Абдуллович	20-321-066-229	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 96А	0,0700
10.	Абуов Хамидолла Танатарович	20-321-066-124	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 34	0,0800
11.	Юсупов Самат Жайсаибаевич, Джукизинова Молдир Мухамедкалиевна	20-321-066-030	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 112	0,0878
12.	Аксинин Рәсул Сергеевич	20-321-066-081	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 115А	0,0700
13.	Кострюнина Татьяна Сергеевна	20-321-066-150	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 106	0,0600
14.	Бурлаева Жарылқасин Олегович, Карпов Леонид Игоревич	20-321-066-101	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 7Н	0,0600
15.	Шотаев Алтынбек Садуақасович	20-321-066-092	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 99А	0,0660
16.	Божовальная Ольга Владимировна	20-321-066-216	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 29А	0,0600
17.	Вайсбек Николай Александрович, Байаш Мағжан Мейрамұлы, Шиясова Махмира Савердиновна	20-321-066-003	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 102	0,0679
18.	Павлова Ирина Геннадьевна	20-321-066-020	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 24	0,0751
19.	Гуретсевич Ермхан Жаппасович	20-321-066-053	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 70	0,0700
20.	Захаров Сергей Юрьевич, Бицадина Ирина Александровна	20-321-066-106	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 15	0,0599
21.	Ерёмин Дмитрий Владимирович	20-321-066-115	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 94	0,0600
22.	Исаева Валентина Ивановна	20-321-066-018	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 79	0,0650
23.	Кузнецова Нина Ивановна	20-321-066-219	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 59	0,1149
24.	Коваленко Татьяна Викторовна	20-321-066-096	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 3	0,0766
25.	Могилевец Сергей Владимирович	20-321-066-177	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 28	0,0941
26.	Матвеев Виталий Александрович	20-321-066-197	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 17	0,0600
27.	Креккер Петр Иванович	20-321-066-091	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 41	0,1025
28.	Вишнева Валентина Валерьевна	20-321-066-238	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 41	0,0903
29.	Яковлева Татьяна Викторовна	20-321-066-204	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 88А	0,0600
30.	Тамашев Мейрман Канатович	20-321-066-037	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 118Б	0,0900
31.	Нартбаев Ермахан Омарович, Нартбаева Зүлфия Адырбековна	20-321-066-201	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 37	0,0812
32.	Алешина Ирина Александровна	20-321-066-211	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 72	0,0600
33.	Гурапин Павел Петрович	20-321-066-032	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 191	0,0723
34.	Герасименко Анжелика Анатольевна	20-321-066-247	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 123	0,0600
35.	Буржанский Андрей Юрьевич	20-321-066-184	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 17	0,0600
36.	Жамак Идрис Жауангершінің шектеулі серіктестігі	20-321-066-132	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 132	0,0994
37.	Макипова Альбина Болотовна	20-321-066-114	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 53	0,0600
38.	Протасов Виктор Петрович	20-321-066-237	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 13	0,1024
39.	Бойина Сергей Васильевич	20-321-066-221	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 31	0,0644
40.	Султанова Рахима Мұстафиқызы	20-321-066-143	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 73	0,0491
41.	Панковская Ольга Николаевна	20-321-066-192	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 95А	0,0600
42.	Соловьева Ирина Андреевна, Соловьев Аркадий Михайлович	20-321-066-075	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 4Н	0,0599
43.	Соловьев Аркадий Михайлович	20-321-066-223	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 124	0,0600
44.	Клебуков Елкос Мухаммадиевич	20-321-066-062	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 114Б	0,0400
45.	Иванников Иван Александрович	20-321-066-042	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 38	0,0600
46.	Ворошилова Валентина Степановна	20-321-066-009	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 84	0,0842
47.	Кулай Виталий Викторович	20-321-066-077	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 21	0,0961
48.	Ковтунов Леонид Анатольевич	20-321-066-173	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 38	0,1150
49.	Полухина Наталья Федоровна	20-321-066-193	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 68	0,0615
50.	Семёнов Сергей Леонидович	20-321-066-241	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 22	0,0671
51.	Аскамбаев Фархатбек Битбағатович	20-321-066-261	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 46	0,0600
52.	Бойдарева Людмила Владимировна	20-321-066-138	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 90А	0,1070
53.	Гейнса Елена Михайловна	20-321-066-190	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 10	0,0740
54.	Жаңахметов Сайдулла Изатулаевич	20-321-066-027	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 92	0,0570
55.	Ибрагимова Маржан Мырзабаевна	20-321-066-252	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 81А	0,0458
56.	Чернова Валентина Владимировна	20-321-066-033	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 81	0,0860
57.	Аксинин Рәсул Сергеевич	20-321-066-080	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 116А	0,0700
58.	Бемченко Мария Юрьевна	20-321-066-268	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 83	0,0650
59.	Варлашко Сергей Эдуардович	20-321-066-127	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 99	0,0600
60.	Заболотская Ирина Юрьевна	20-321-066-072	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 103А	0,0975
61.	Калашников Михаил Владимирович, Калашникова Татьяна Ивановна	20-321-066-004	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 110	0,0961
62.	Уралов Виктор Петрович	20-321-066-051	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 105	0,0599
63.	Хромцова Татьяна Ивановна	20-321-066-103	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 40	0,0690
64.	Кознова Анастасия Васильевна	20-321-066-066	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 109А	0,0990
65.	Язоев Жамшид Абдулмалитович	20-321-066-148	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 104	0,0600
66.	Жердинцева Наталья Федоровна	20-321-066-198	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 127	0,0838
67.	Рафина Татьяна Витальевна	20-321-066-094	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 54	0,0601
68.	Бестаева Екатерина Александровна	20-321-066-058	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 67	0,1200
69.	Колониченко Александр Викторовна	20-321-066-107	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 10601	0,0601
70.	Пахомов Евгений Петрович	20-321-066-128	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 91	0,0756
71.	Сүлейменова Ақмарал Сериковна	20-321-066-098	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 44	0,0640
72.	Джанкаболов Оралбек Аюлдақияевич	20-321-066-214	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 5	0,0767
73.	Грановская Людмила Алексеевна	20-321-066-185	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 111	0,0600
74.	Сивер Марина Витальевна, Решетников Андрей Витальевич	20-321-066-131	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 121	0,0610
75.	Алимуков Бекдос Амрабаевич	20-321-066-234	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 58	0,0867
76.	Леонов Владимир Петрович	20-321-066-189	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 76	0,0600
77.	Алешина Ирина Александровна	20-321-066-213	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 91А	0,0580
78.	Нечаева Наталья Георгиевна	20-321-066-056	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 44	0,0799
79.	Сергеев Владимир Алексеевич	20-321-066-044	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 5	0,0836
80.	Кузнецова Камилла Саидовна	20-321-066-264	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 102А	0,0950
81.	Варахтина Надежда Ивановна, Заволоцкая Ирина Юрьевна	20-321-066-070	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 114/2	0,0620
82.	Панковский Роман Иванович	20-321-066-259	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 105	0,0696
83.	Кабылбеков Умархан Кунасович	20-321-066-265	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 110А	0,0600
84.	Лактионов Александр Михайлович, Лактинова Светлана Александровна	20-321-066-275	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 61	0,600
85.	Пашкина Ирина Владимировна	20-321-066-079	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 39	0,0625
86.	Готюшич Анатолий Иванович	20-321-066-120	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 3А	0,0601
87.	Наумов Сергей Сергеевич	20-321-066-043	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 36	0,1009
88.	Позмогов Валерий Анатольевич	20-321-066-050	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 87	0,0900
89.	Астраханцева Галина Петровна	20-321-066-040	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 71	0,0600
90.	Гореева Наталья Валерьевна	20-321-066-263	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 66	0,0800
91.	Перевышко Наталья Ивановна, Перевышко Денис Анатольевич	20-321-066-256	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 85А	0,0600
92.	Фомин Олег Владимирович	20-321-066-097	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 88	0,0650
93.	Садиров Алымжан Исламұнович	20-321-066-021	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 86	0,0600
94.	Миронова Светлана Альбертовна	20-321-066-076	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 52	0,1150
95.	Гасе Ольга Дмитриевна	20-321-066-025	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 12	0,0674
96.	Краснопевцев Андрей Геннадьевич	20-321-066-154	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 84А	0,0720
97.	Абуов Хамидолла Танатарович	20-321-066-146	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 122	0,0599
98.	Қырма Алена Николаевна	20-321-066-137	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 110А	0,0890
99.	Парабаев Ахмет Баймураевич	20-321-066-157	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 49	0,0600
100.	Фомин Олег Владимирович	20-321-066-102	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 29	0,0601
101.	Кременцова Ирина Николаевна	20-321-066-104	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 114	0,0910
102.	Свищенко Ольга Борисовна	20-321-066-119	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 18	0,0600
103.	Моисеенко Светлана Викторовна	20-321-066-010	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 42	0,1055
104.	Нитягатуллин Мавлютдин Маулянович	20-321-066-144	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 88	0,0990
105.	Панковский Артём Иванович	20-321-066-191	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 22	0,0600
106.	Ибраимова Асия Джумадиловна	20-321-066-023	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 52	0,1150
107.	Рехова Татьяна Ивановна	20-321-066-039	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 6Н	0,0674
108.	Искаков Елдос Хайбуллаевич, Терлиқбаева Ақмарал Ерболатовна	20-321-066-257	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 84А	0,0720
109.	Абдрахманов Айбек Адильбекович, Абдрахманова Сания Агагановна	20-321-066-100	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 122	0,0599

110	Көпжасар Үлнәз Асқарқызы, Жұмагелді Еркен Ерболатұлы	20-321-066-233	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 16	0,0599
111	Соколова Татьяна Сергеевна	20-321-066-024	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 63	0,1069
112	Сokolov Максим Вячеславович	20-321-066-063	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 87А	0,0599
113	Керимбаев Рустам Валерьевич	20-321-066-135	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 95С	0,0600
114	Назаренко Елена Николаевна	20-321-066-240	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 63	0,1104
115	Элтаева Қанғайым	20-321-066-064	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 65	0,0669
116	Нысамова Эльмира Кыдырхановна	20-321-066-227	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 114/1	0,0400
117	Косинцева Наталья Николаевна, Косинцева Татьяна Николаевна	20-321-066-047	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 33	0,1000
118	Опанасенко Анна Павловна	20-321-066-112	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 134	0,0599
119	Гринёва Галина Павловна	20-321-066-069	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 9	0,0568
120	Юсупова Ильмира Курбанжановна, Юсупова Жанатұлымын Жаңағалина	20-321-066-068	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 56	0,0850
121	Сандикова Жанна Гурсунхановна	20-321-066-253	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 106	0,0730
122	Нурумов Дилшат Мусалимович	20-321-066-084	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 51	0,1000
123	Нусупов Есболат, Нусупова Калдыгуль	20-321-066-172	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 74	0,0600
124	Вильяну Аскана Аманбаевна	20-321-066-210	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 35	0,1085
125	Маркелов Тимур Сергеевич	20-321-066-129	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 78	0,0600
126	Рункова Юлия Сергеевна	20-321-066-222	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 29	0,0600
127	Мусанова Асель Аманжолсыевна	20-321-066-083	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 81А	0,0600
128	Петухов Павел Викторович	20-321-066-187	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 72	0,0765
129	Иванов Иван Аркадьевич	20-321-066-224	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 93	0,1463
130	Янышина Надежда Павловна	20-321-066-087	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 46	0,0850
131	Жисенбаева Жанат Шахеновна	20-321-066-046	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 59	0,0600
132	Жерлинцева Наталья Фелоровна	20-321-066-064	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 6	0,0980
133	Даниленко Надежда Васильевна	20-321-066-118	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 35	0,0600
134	Фоминская Елена Геннадьевна	20-321-066-062	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 80	0,0625
135	Кузнецова Елена Александровна	20-321-066-200	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 28	0,0600
136	Байкунмов Денис Шавердыевич	20-321-066-007	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 43	0,0860
137	Нисамбаев Есиркеп Глебович	20-321-066-111	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 5	0,0666
138	Семенович Вячеслав Васильевич	20-321-066-062	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 42	0,0690
139	Фомин Виктор Георгиевич	20-321-066-174	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 49	0,1120
140	Белов Павел Сергеевич, Белова Эльмира Викторовна	20-321-066-202	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 9	0,0600
141	Егай Владислав Алексеевич	20-321-066-209	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 55	0,0600
142	Сейтқұлов Дулат Сламбекович	20-321-066-269	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 20	0,0630
143	Серединых Александр Владимирович	20-321-066-054	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 23	0,0788
144	Аойкаев Мадияр Уланович	20-321-066-018	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 107	0,0752
145	Регер Ольга Александровна, Регер Владимир	20-321-066-075	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 113А	0,0600
146	Холметов Джумаой Джуровевич, Холметова Зарифа Искендеровна.	20-321-066-086	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 87	0,0601
147	Ковачук Ольга Дмитриевна	20-321-066-174	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 82	0,0565
148	Поринкова Оксана Евгеньевна	20-321-066-225	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 79	0,0617
149	Дрейт Наталья Александровна	20-321-066-248	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 22	0,0600
150	Михайличенко Виталий Геннадьевич, Эрентраут Ирина Геннадьевна	20-321-066-176	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 33	0,1117
151	Стрелкова Юлия Олеговна	20-321-066-246	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 76	0,0888
152	Дюмина Надежда Ивановна	20-321-066-199	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 2	0,0544
153	Ольхина Надежда Викторовна	20-321-066-244	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 48	0,0550
154	Сатыбалдинова Гульнара Мукановна,	20-321-066-151	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 56	0,0739
155	Коновенко Юрий Данилович	20-321-066-230	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 85	0,1417
156	Старков Сергей Петрович	20-321-066-041	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 69	0,0600
157	Постовалов Олег Александрович	20-321-066-181	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 4	0,0619
158	Гончарова Гульмира Абдуллова, Гончаров Александр Викторович	20-321-066-071	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 10	0,0600
159	Александров Александровна, Лактионов Александр Михайлович	20-321-066-203	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 11	0,0599
160	Кальбай Жадр, Нургалиев Нурлан Дүйсебекович	20-321-066-212	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 187	0,0654
161	Жаканбаев Бауыржан Оразханович, Жаканбаева Гаухар Айткаевна	20-321-066-134	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 100	0,0600
162	Фомина Маргарита Исаковна	20-321-066-057	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 52	0,0660
163	Скударнов Валерий Дмитриевич	20-321-066-133	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 108	0,0599
164	Абдумухамедов Минишан Батраковна	20-321-066-139	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 103	0,0599
165	Афанасьев Геннадий Александрович	20-321-066-085	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 116	0,1014
166	Дулин Антон Васильевич	20-321-066-188	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 92А	0,1032
167	Винничева Валентина Валерьевна, Малинин Иван Сергеевич, Малинина Варвара Сергеевна, Малинин Евгений Сергеевич	20-321-066-019	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 61	0,1370
168	Жусупалиев Бахит Миралханович	20-321-066-110	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 1	0,0969
169	Савва Виталий Владимирович	20-321-066-267	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 65	0,1094
170	Забонин Сергей Юрьевич	20-321-066-096	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 117А	0,0600
171	Немыкин Дмитрий Иванович	20-321-066-269	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 62	0,0760
172	Гурьев Кайрат Арапович, Нурбаева Дилфуза Кобееновна	20-321-066-122	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 51	0,0600
173	Бердалиев Бексұлтан Ролатович	20-321-066-255	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 128	0,0600
174	Уварова Ольга Михайловна	20-321-066-156	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 182	0,0900
175	Опанасенко Анна Павловна	20-321-066-113	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 83А	0,0600
176	Раманов Олег Михайлович, Бурина Ксения Геннадьевна	20-321-066-136	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 126	0,0600
177	Лосева Татьяна Никитична	20-321-066-012	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 86А	0,0600
178	Бобина Галина Александровна	20-321-066-220	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 27	0,0899
179	Станенченко Михаил Михайлович	20-321-066-123	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 20	0,0617
180	Козлова Анастасия Васильевна	20-321-066-083	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 38А	0,0600
181	Вичуктиса Татьяна Валерьевна	20-321-066-013	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 127А	0,0849
182	Горениязова Леризат Арысланбаевна	20-321-066-142	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 30	0,0562
183	Лысенко Василий Павлович	20-321-066-002	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 64	0,0600
184	Гаврилов Виктор Александрович	20-321-066-130	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 82А	0,0600
185	Денин Наталья Геннадьевна	20-321-066-107	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 106А	0,0780
186	Кузьменко Елена Алексеевна, Кузьменко Владимир Николаевич	20-321-066-031	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 109	0,0600
187	Блинкова Елена Михайловна	20-321-066-060	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 26	0,0599
188	Косев Арман Ержанович	20-321-066-082	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 80А	0,0600
189	Назарбаев Салих Канатович, Аманжолова Айсулу Жасуланқызы	20-321-066-152	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 131	0,0700
190	Лункина Наталья Ивановна, Поженский Иван Евгеньевич	20-321-066-158	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 105/1	0,0800
191	Агапов Олеся Александрович, Агапова Елена Витальевна	20-321-066-015	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 80	0,0626
192	Великова Ольга Евгеньевна	20-321-066-124	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 116Б	0,0799
193	Назаров Бекмурат Беркинович, Назарова Феруза Нуржановна	20-321-066-045	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 34	0,0660
194	Мажитов Виталий Орманбекович	20-321-066-165	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 96	0,1008
195	Джанкайлов Олжасбек Орабекович	20-321-066-095	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 142	0,0600
196	Дадажи Геннадий Михайлович	20-321-066-055	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 115	0,0899
197	Лопатин Андрей Алексеевич	20-321-066-140	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 14А	0,0600
198	Лажина Валентина Николаевна	20-321-066-235	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 90	0,0600
199	Фатеева Оксана Степановна	20-321-066-093	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 18	0,0599
200	Сонин Александр Александрович	20-321-066-136	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 120	0,0799
201	Салыкова Каукар Еришановна	20-321-066-250	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 92Б	0,0642
202	Кремцова Ирина Николаевна	20-321-066-109	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 47	0,1069
203	Лайер Тамара Александровна	20-321-066-245	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 90	0,0610
204	Даниленко Дмитрий Юрьевич, Даниленко Ольга Ивановна	20-321-066-271	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 32	0,0600
205	Касаткина Нина Ивановна	20-321-066-038	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 118	0,0599
206	Аодранова Лейла Абеновна	20-321-066-008	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 20	0,0600
207	Сычева Виктория Вениаминовна	20-321-066-054	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 3А	0,0600
208	Мосунов Василий Дмитриевич	20-321-066-026	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 54	0,1121
209	Котырев Тагит Керимбаевич	20-321-066-108	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 20	0,0600
210	Ворошилов Алексей Петрович, Ворошилова Кристина Андреевна	20-321-066-116	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 60	0,0800
211	Дитова Лидия Васильевна	20-321-066-090	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 84	0,0799
212	Павел Виталий Александрович	20-321-066-145	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 72	0,0601
213	Кузнецова Татьяна Петровна, Кузнецов Сергей Анатольевич, Федоренко Ольга Анатольевна, Шatroва Надежда Анатольевна	20-321-066-218	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 83	0,0612
214	Кулагина Жанна Николаевна	20-321-066-182	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 78	0,1034
215	Аюмоилова Ольга Николаевна, Самойлов Денис Владимирович	20-321-066-117	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 132	0,1199
216	Жумабеков Ербол Есетович	20-321-066-005	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 57	0,1000
217	Кузьменко Елена Валерьевна	20-321-066-141	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 97	0,0990
218	Кузнецов Александр Николаевич	20-321-066-035	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 119	0,0600
219	Могилев Владимир Николаевич	20-321-066-153	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 29	0,0734
220	Солдаткина Ирина Михайловна	20-321-066-105	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 75	0,0590
221	Ошимова Алтынай Жаксобековна	20-321-066-232	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 19	0,0797
222	Исраилов Евгений Раманович	20-321-066-011	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 14	0,0700
223	Чернышева Галина Александровна, Чернышев Адамир Иванович	20-321-066-239	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 50	0,1240
224	Нарибеков Бахтияр Егамбердиевич, Нарбекова Айса Амановна	20-321-066-183	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 37	0,0868
225	Абелдинова Дилара Орынтаевна, Карпин Владимир Юрьевич	20-321-066-062	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 100	0,1000
226	Вардашко Лариса Александровна	20-321-066-126	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 102	0,0556
227	Кусанов Аристанбек Мусағұлович	20-321-066-236	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 48	0,0611
228	Ильин Виктор Васильевич	20-321-066-205	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 1018	0,1018
229	Купресева Наталья Владимировна	20-321-066-017	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 75	0,1125
230	Ростова Ирина Юрьевна	20-321-066-059	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 73	0,0952
231	Гаданов Мурат Муратович	20-321-066-155	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 47	0,0792
232	Кушнбаев Жанболат Ибраевич	20-321-066-186	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 36	0,0777
233	Балчугова Ольга Владимировна	20-321-066-274	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 19	0,0600
234	Шахарова Акмарал Нурлановна, Кырбай Уласбек Шынғысханұлы	20-321-066-147	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 67	0,0600
235	Нурумов Дилшат Мусалимович	20-321-066-272	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 119А	0,1100
236	Шукакова Биригуль Сергалиевна	20-321-066-088	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 69	0,0600
237	Постовалов Дмитрий Александрович, Акуненкова Светлана Юрьевна	20-321-066-175	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 11	0,0633
238	Середя Оксана Юрьевна	20-321-066-276	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 82А	0,1140
239	Зубков Валерий Леонидович	20-321-066-243	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 13	0,0600
240	Черкаский Александр Федорович	20-321-066-275	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 97А	0,1030
241	Нұрахмет Асель	20-321-066-242	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 98А	0,0550
242	Аллиянзавна Бионайша Ниетовна, Ибраимов Мухамед Аботович, Ибраимова Салтанат Аботовна, Ибраимова Мухамед Аботовна, Ибраимов Кожахмет Ширпабаевич	20-321-066-280	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 105А	0,0861
243	Ворошилов Алексей Петрович	20-321-066-277	«Энергостроитель» бағбандық серіктестігі, 39	0,1093
244	Кенжетай Алмас Оразханұлы, Дүйсебеков Томирис Балахметқызы	20-321-066-279	«Теплоэнергетик» бағбандық серіктестігі, 188	0,1400



#АЛМАТЫБІЗДІҢОРТАҚҮЙІМІЗ

АКВАПЛОГГИНГ – ТАРТЫСТЫ СПОРТ

Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы Әуежай көлінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында акваплоггинг өтті.

**Досбол
АТАЖАН**

Іс-шара аясында алдымен көл жағасындағы қоқыс жиналды. Тазарту жұмыстарынан кейін мұнда жыл сайынғы «Көктемгі старттар» балалар су-спорттық жарыстары басталды. Түркісіб ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әміров жарыстың негізгі мақсаты – аудандағы жасөспірімдер арасында су туризмін насихаттау және туристік әлеуетті ашу екенін айтады.

– Түркісіб ауданының «Әуежай»

жағажайында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында үлкен іс-шара өтіп жатыр. 100-ге жуық адам алдымен көл аймағын тазалады. Жағажай мен судағы қоқыстарды алып болғаннан кейін судағы спорттық жарыс ұйымдастырылды. Жалпы, жалпы-қалалық акция басталғаннан бері ауданымызда 20-дан астам үлкен іс-шара өтті, – деді Ермек Әміров.

Тазалық жұмыстарынан кейін басталған судағы қайықпен жарысқа барлығы 8 команда қатысты. Командалар су бетінде жарыстың 2 түрі бойынша бақ сынады. Одан кейін құрлыққа шығып, жағажай бойында шатыр құрудан жарысып көрді. Жарыс жеңімпаздары мен тазалық акциясына белсене қатысқан азаматтарға естелік-сыйлықтар берілді.

– Жарыс болатынын университетте естіп, достарымызбен бірге келдік. Біздің топта жарысқа 4 адам қатысты. Бірінші 5-6 қат қоқыс жинадық. Одан кейін



2 адамнан қайықпен жүздік. Мен бірінші рет қайықпен есіп жарысып тұрмын. Жарыс өте қызық әрі қиын екен. Қайықты қасыңдағы адаммен игере алмасаң, ағыс бұрып алып кетеді, – деді Алматы

Технологиялық университетінің 1-курс студенті Бактыбай Сұлтанәлі.

Айта кеткен жөн, сенбі күні жарысқа аға топ мүшелері (16–20 жас), ал жексенбі күні кіші топ мүшелері (13–16 жас) қатысты.

ПРЕМЬЕРА



«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклі араға жылдар салып, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасына қайта оралды. Ғашықтар зарына тас керек ғасырда дүниеге келіп, жақын-жуықтарынан қолдау таппай, бақиға аттанып кете барған қос мұңлықтың махаббат оқиғасын ұлы қаламгер Ғабит Мүсірепов кезінде өз пьесасына өзек

еткен еді. 1940 жылдың 29 сәуірінде Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында алғаш рет көрермен назарына ұсынылған туынды бүгінгі күнге дейін үлкен сұранысқа ие. Түркі жұртына ортақ қазына болып табылатын туындыны демоксиялық жасап, қарашаңыраққа қайтарған – «Вауан Sulu» кондитерлік фабрикасы.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» сахнаға қайта оралды

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклінің премьерасы өтті.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қойылымының премьерасына орай театр қабырғасында спектакльге арналған көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қойылымының қоюшы-режиссері Әубәкір Рахимовтың қатысумен баспасөз мәслихаты болды.

– «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» шығармасы бұл махаббат үштігіне құрылған. Қозы, Баян, Қодар бірлестігі ақын, жыршылардың аузында неше ғасырдан бері айтылып келеді. Сіздер білесіздер, өнер махаббаттан тұрады, ал махаббат таластан тұрады, осы дүние бүгінгі жастарға пайдасы, әсері болады деген ойдамыз. Кейінгі

жылдары жастар қайдағы бір түсініксіз әулиеге теңелген Валентиннен гөрі біздің Қозы, Төлеген, басқа да батырлардан үлгі алуы керек. Ғашықтар күні қарсаңында қойылымды сахналауымыздың бір себебі осында, – деді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны – қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі. Махаббат символына айналған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» оқиғасы риясыз махаббат, қатыгездік, достық, шынайылық секілді қасиеттерді пайымдап, негізгі идеялық-мазмұнына сол дәуірдегі жастардың сүйіп қосылуын арман еткен тілек-мүдделерін алады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

АҚЫЛГҮЛДІҢ «САҒЫНЫШЫ»

Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жамбыл Жабаев атындағы №161 лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ақылгүл Сәрсенқызының «Сағыныш» атты кітабының тұсаукесері болып өтті.

Жинаққа автордың әр жылдары қалам тербеген сағынышқа толы естеліктері, әңгімелері, мақалалары топтастырылған. Кітаптың «Сағыныш» деп аталуы да сондықтан. Ағартушылық саласында көп жылдық тәжірибесі бар, Ақылгүл Сәрсенқызы «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» тарауында профессорлар Нығмет Ғабдуллин мен Серік Макпыров, лингвист-ғалым Күлтай Бейсенбаева, білікті ұстаздар Есімхан Қанағатов пен Бағрана Ошақбайқызы, айтыскер ақын Есенқұл Жақыпбеков пен жазушы Аягүл Мантай, т.б. жайында естеліктер айтса, «Әулетім – дәулетім» тарауында өмірден өтіп кеткен ата-анасы, туған-туыстары, бауырлары туралы толғанады.

«ӘНГІМЕЛЕР» бөліміндегі «Мұсылмандық әсте-әсте...», «Мен – қазақпын!», «Мектеп – кеме, білім – теңіз», тағы басқа әңгімелердің оқырманға ой салары анық. Жинаққа автордың әр жылдары баспасөзде, әлеуметтік желілерде жарық көрген бір топ мақаласы да еніп отыр. Әсіресе, «Өзімнің жұлдызымды берем», «Ұлы даланың алып перзенті» мақаласының оқырманды ерлікке, ізгіліктің биік шыңына жетелейтіні анық.



Кітап авторы өзі араласқан адамдардың жақсылықтарын жеткізуді перзенттік, ұстаздық, қаламгерлік, аналық, адамдық парызы деп санайды. Кітаптағы шағын жазбалардың да көтерер жүгі өзекті, айтар ойы терең, мазмұны бай. Қаламгер-ұстаз Ақылгүл Сәрсенқызының тырнақалды туындысы «Сағыныш» жинағы жастарға, жалпы ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарамайтын көпшілік қауымға арналады. Тұсаукесер рәсіміне белгілі қаламгерлер Нағашыбек Қапалбекұлы, Нұрдіәулет Ақш, мектеп ұжымы мен оқушылар қатысты. Кітаптың алдыңғы бетінде көрсетілген QR-кодқа смартфонның камерасын жақындатқанда, телефонның бетіне сілтеме шығады. Сілтемені басып, естеліктер жазылған тұлғалардың фотосуреттерін көруге болады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369. Тел.: 247-98-30. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Рахат-Би ӘБДИСАҒИН:

ҚОЛЫМ ҚАЛТ ЕТСЕ, СУРЕТ САЛАМЫН

Музыкасы ұлы қазақ даласынан бастау алатын Рахат-Би Әбдісағиннің туындыларының саны бүгінде 150-ден асып кетті. Ол Еуропаның, Азияның және Американың әйгілі концерт залдарында жеке және авторлық концерттерін берді. Оның музыкасын жүрекпен түсінетін тыңдармандары төрткүл дүниенің төрт бұрышында да бар. Дегенмен, «ерекше дарын иесінің балалық шағы қалай өтті?» деген сауалдың көпшілікті қызықтыраы сөзсіз.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бала кезінен бастап Рахат-Би құрдастарынан тым ерте ерекшеленіпті. Дарын иесі өзінің балалық шағын былайша еске алады:

– Көптеген тыңдаушыларымды менің балалық шағым қызықтыратын болса керек. Бұл туралы жиі сауал қояды. Ондай сәтте «шынымен де қандай бала болдым екен?» деген сауал туындайды. Дегенмен, менің балалық шағымның өзге құрдастарыма ұқсайтын да, ұқсамайтын да тұстары бар. Қалада өмірге келсем де, 5 жасқа дейін орыс тілінде бірде-бір сөз білмедім. Балабақшаның қазақ тобына барып, сол жерде орыс тілін тез-ақ үйреніп алдым. Мектепте жүргенімде жас техниктер үйірмесіне қатысып, машина жасаумен айналыстым. Бірақ мен сурет салғанды ерекше ұнатуды едім. Отыра



(Дереккөз: el.kz)

қалсам болды, сурет сала бастаймын. Менің дәптерімнің беті, альбомдарым түгел түрлі суреттерге толы болатын. Тіпті, қабырғаның бойым жеткен тұсына дейін шимайлап, суретке толтырып тастайтынмын. Менің бұл «өнеріме» ата-анам да қолдау көрсетіп, бейнелеу студиясына апарды. Сол кезде қатты таңқалғаным бар. Мұнда сурет салуға қажетті нәрсенің бәрі бар екен.

Ұмытпасам, бірнеше күн бойы сурет салумен болдым. Келе, бұл өнерімді ұштап, әйгілі суретші Амандос Ақанаевтан кескіндеме бойынша арнайы сабақ та алған едім. Мына қызықты қарасаңызшы, сол кезде салған картиналарымның кейбірі Германияда шыққан музыкалық CD дискілеріме иллюстрация ретінде пайдаланылды. Қазір де қолым қалт етсе, сурет саламын. Көзімнің қарашығына сыймаған сұлулықты қаламмен жеткізгім келеді. Жалпы, өнер жолындағы алғашқы ұстазым – әкем Төлеген дер едім. Менің ұлттық құндылықпен рухтануыма көп қолдау көрсетті. Ол кісінің өзі де өнерден құралақан емес. Сондықтан 6 жасымда енді музыкамен айналыса бастағанымда алдымен домбыраны үйренуіме кеңес берді. Мен екі жыл бойы танымал домбырашы Абдулхамит Райымбергеновтен домбыраның қыр-сырын үйрендім. Аптасына 3 рет күн сайын жаттығу жасап, 9 жасымнан бастап фортепианоға деген қызығушылығымның ояңғанын байқадым, – дейді Рахат-Би Әбдісағин.

Ерекше қабілет иесі Рахат-Би Төлегенұлы қазақ, орыс, ағылшын, итальян тілдерін еркін меңгерген. Сондықтан кез келген ортада ойын айтып, пікір таластыруына мүмкіндігі мол. Қаршадайынан музыкаға құлақ қойып, оның үнінен нәр алған ұл небәрі 13 жасында мәдениет пен өнер мәселелері бойынша дәріс оқи бастаса, 2013 жылдан бастап Impuls академияларының тұрақты мүшесі (Грац), ICTM-тің ең жас оқытушысы, ISA стипендиаты атанды. Ол «New Music Generation» халықаралық композиторлар байқауының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және қазылар алқасының төрағасы. Осылайша Рахат-Бидің бай коллекциясы жалғаса береді. Саусағынан саз төгілген Рахат-Би Әбдісағин осынау құдіретті өнердің қыры мен сырын ғылыми тұрғыда дәлелдеп, қазір ғылым мен музыканың арасындағы байланысты зерттеуді бастады.

МӘСЕЛЕ



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСКҰЛЫ.

Қазір тойды жарыса жасау сәнге айналды. Жағдайға қарап жүрген ешкім жоқ. Бәрі бір той жасап қалғысы келеді. Бірақ оны қалта көтерсе игі ғой. Бұл жолы қазақ тойының жай-күйін айтуды жөн көреміз. Өйткені, тойдың бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі бағыт-бағдарын айқындап, талдау қажет. Себебі, той – өмір. Адамзат ғұмырының ең керемет әрі ғажап шағы. Сондықтан бірқатар ойларды түйіндеп, жүйелегіміз келеді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Сананың тыныш кезі

Тұрмысы қиын тоқсаныншы ауылда есіктің алдына той істейтін. Арнайы шатыр тігіп, мектептің үстелі мен орындығын алдыртатын. Дастархан толы бауырсақ, күлше, рис кәмпит, қолдан жасалған тәтті, дәмді суындар қойылатын. Төрге мақтамен жас-жұбайлардың есімдерін жазатын. Құда да, құдағи да тыныш-тұғын.

Тойдың дастарханы түгел абысын-ажын,

жеңгелердің мойнында еді. Мал сою, басырақты үйіту, көпшілікке ас пісіру ер-азаматтардың құзіретінде болатын. Балалар жағы болсақ, бауырсақ тасығанға мәз боламыз. Кейде өзімізден кіші іні-қарындастарымызды қарап қалатынбыз. Бозбала мен бойжеткен болса білдірмей, үлкендер көзіне түспей тойда танысып, артынан табысып жататын.

Ол уақытта қыздың артынан хабаршы, қуғыншы жіберілетін. Кешірім жүретін, азын-аулақ қалың малға ірі қара немесе кішігірім қаржы берілетін. Келін келетін күні

шапқылап, түнімен келіншекті күтіп біз балалар ұйықтап қалатынбыз. Ертесіне беташар болады. Сонда бет ашқанда атыңды атаса, жадырап, жымыып қалатынбыз. Неткен керемет десеніңші?! Осылайша бәрі мез-мейрам болып той өтетін. Ертесіне «құдайға шүкір» беретін.

Сол кездерде ешкімнің көңілінде дық болмай, баршасы шат-шадыман болып үйлену тойын өткізетін. Бәлкім, ол шақтарда қоғамдық сана ғаламтормен уланбаған болар. Қысқасы, нағыз ғажап шақтар әлі естен кетпейді.

Араласқан шақ

2000 жылдардан бастап тұрмыс түзеле бастады. Жұрт жағдайын түзеді. Үлкен үйлер сала бастады. Тәуір көлік мінітін шама пайда болды. Бай мен кедейді аражігі ажырай түсті. Қолынан келкендер жаппай қалаға қоныстанды. Жаңа буын, жаңа ұрпақ өсті. Бұрынғы кеңестік шақты көрмеген, тіпті есінде жоқ адамдар шоғыры молайды. Сөйтіп, тойды басқаша өткізгісі келетіндер көбейді.

Бұрын тойды ауылға белгілі бірден-саран тілге, сөзге шешен, домбыра тартып, ән айт алатындар басқара беретін. Тіпті, абырой үшін азын-аулақ ақыға той басқара беретін. Енді ондайлардың ауылы алыстады. Бұрынғыдай кез келген ішімдік ішілмейтін болды. Сол кездерден бастап «халал той» деген термин қолданысқа енді. Әр нәрсе қаржыға тірелді. Жұрт кредит алып той жасайтын заманға жетті. Осыдан бастап мейрамханада той жасау, өнші-биші, арнайы асаба жалдау үрдіске айналды.

Бұлыңғыр кезең

Қазіргі қоғамдық сана мүлде өзгерген. Көбіне сыртқа еліктеу көп. Қыз бен жігітті үйлендіру салтына қарап отырсаңыз, жаңа заманға қарай бейімделгендігін білдіреді. Мұны жақтаушы және даттаушы тарап бар. Бір топ ғалымдар ескі сүрлеуді, ата-баба жолын қалай бар, сол қалпында ұстауды құптайды. Ендігі тарап – заман бір орнында тұрмайтындығын, жаңа көзқараста болу керектігін меңзейді. Қос тараптың да пікірін осал деп айтуға келмес. Яғни «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегенге саяды.

Қазіргі қоғамдық санадағы үйлену ғұрпының бейнесі өзгеріске ұшырап келеді. Мұны негізінен үшке бөліп қарастыра аламыз.

Дәлірек:

Бірінші тарап – үйленудің түпкі генезисін сақтауды құптайды.

Екінші тарап – өзге әлем мұсылманылық негізге бейімдеп, ұқсатып той рәсімдерін жасағанды жөн көреді.

Үшінші тарап – бүгінгі батыс еуропалық стандарттар негізінде үйлену өзгерген трансформацияға түскен заманауи аспектіге той жасағанды дұрыс деп санайды.

Бүгінде тойға барудан жалығатындар көбейіпті. Өйткені, онда бара берсе ақша кетеді, бармаса ұят деп санайды. Әркім ұл-қыз өсірген соң ол күннің өзінде де боларын ойлайды.

P.S: Түйіндеп айтқанда, адамзаттың ең жарқын көрінісі, әрі өтпелі кезеңі балалықтан үлкен өмірге өз жұбын тауып, бірге қадам басатын ерекше сәті, ол – үйлену сәті. Негізінде, үйлену тойының қызметі – екі жастың табысып, болашақ өмірге ашқан шымылдығы деп бағалауға толық негіз бар.